




SEMEI tany



№ 109 (19736) 7 қараша, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

КҮН ТӘРТІБІНДЕ - ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау бойынша кездесу өтті.



Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиынға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев қатысты. Жиынды ашқан аймақ басшысы Жолдауды іске асыру бойынша Абай облысында жүйелі жұмыстардың қолға алынып жатқанын атап өтті.

«Жолдаудағы басым бағыттардың бірі – цифрландыру саясаты аясында Абай облысында 2026-2030 жылдарға арналған цифрлық трансформация стратегиясы жасақталуда. Стратегияны әзірлеудегі негізгі мақсат – облысты инновациялық және техно-

логиялық тұрғыдан дамыған аймаққа айналдыру. Жасанды интеллекттің өңірдің барлық салаларына енгізу, интернет инфрақұрылымын кеңейту, Smart City жобаларын енгізу, мемлекеттік қызметтерді толық онлайн форматқа көшіру және цифрлық білім мен IT-экожүйені дамытуды көздеп отырмыз. Біздің мақсат – ел Президентінің тапсырмаларын тиімді орындап, халықпен кері байланысты күшейту, цифрлық қызметтердің қолжетімділігін арттыру», - деді облыс әкімі.

Абай облысында туризмді дамытудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы

жобасы әзірленді. Биыл Абайдың 180 жылдығына арналған іс-шаралар облысқа мыңдаған турист тартуға мүмкіндік берді. Ал Алакөлде Арбат алаңын жөндеу, жаңа қоғамдық кеңістік салу және жағалауды абаттандыру үшін 658 млн теңге бөлінді. 2026 жылы көл аумағындағы жұмыстар толық аяқталып, өзге туристік бағыттарды жүйелі дамыту жалғасадy. Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев Жолдаудың негізгі бағыттарын түсіндіріп, елдің цифрлық трансформациясын жүзеге асырудағы жаңа тәсілдер мен басымдықтарға назар аударды.

«Жолдау – мемлекеттік маңызы бар құжат. Саяси мәні де, идеологиялық маңызы да зор. Президентіміз Жолдауда экономикамызға, саясатымызға, тұтас мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты саяси реформа ретіндегі құжатты халыққа ұсынды. Өсіресе әлем қауымдастығының назары ауып отырған жасанды интеллекттің әр салаға енгізу бойынша нақты міндеттер жүктелді», - деді ол.

Кездесуде Бородулиха ауданының әкімі Айдар Ибраев пен Жаңасемей ауданы Көкентау ауылдық округінің әкімі Әділет Жұмағали сөз сөйлеп, өз өңірлерінде Жолдауда жүктелген міндеттерді іске асыру бағыттары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Өз тілшіміз

МӘДЕНИЕТ

Берел, Елеке сазы қорғандарын зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев кездесу барысында Ақсуат ауданының аумағында орналасқан Елеке сазы қорымындағы ежелгі түрік дәуіріне тиесілі мәдени кешеннен табылған құнды жәдігерлерді таныстырды.

ЕЛЕКЕ САЗЫНЫҢ КҮПИЯСЫ ӘЛІ ДЕ КӨП



Археологтің айтуынша, Елеке сазындағы көне түрік қағанына арналған культтік-мемориалдық кешен – тарихи әрі мәдени тұрғыдан ерекше нысан. Бұл ескерткіш құрылымы мен табылған олжалары арқылы көне түрік қағанатының мемлекеттік жүйесі мен рухани дүниетанымын айқын сипаттайды.

Кешенде 2019 жылы басталған археологиялық қазба жұмыстары барысында алтын, күміс, темір және сүйектен жасалған көне бұйымдар, сондай-ақ салтанатты рәсімдерге арналған құрбандық қалдықтары табылған. Зейнолла Самашевтың пікірінше, бұл кешен – түркі қағандарының қасиетті орындарының бірі және оны зерттеу түркі өркениетінің тарихын терең тануға жол ашады. Археолог аймақ басшысына мәдени-тарихи кешендегі қазба жұмыстарын ары қарай жалғастыру сондай-ақ Елеке сазынан табылған құнды жәдігерлерді облыс жұртшылығына таныстыру үшін Семей қаласында көрме өткізу туралы ұсыныстарын айтты.

Облыс әкімі Берік Уәли археологиялық мұраларды сақтау мен насихаттаудың маңызды екенін атап өтіп, ғалымның бастамаларына тиісті қолдау көрсетілетінін жеткізді.

С.КӘРІПБАЕВ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ИНВЕСТИЦИЯ - ИГІЛІК КӨЗІ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиында инвестицияларды тарту бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалуы және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Айбек Рахымбеков баяндады.



Абай облысында инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2025 жылға облыс бойынша негізгі капиталға салынатын инвестициялардың көлемі 417,7 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсімнің оң динамикасын көрсетеді. Оның ішінде жеке инвестициялар көлемі – 267,3 млрд теңге, яғни жалпы инвестициялардың 73,3 пайызын құрап отыр. Инвестиция тарту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру мақсатында облыстағы Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген жобалар саны 29-дан 50-ге дейін артты. Қазіргі таңда жалпы құны 25,9 млрд теңге болатын 14 инновациялық жоба іске асырылуда. Оның нәтижесінде 453 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін жалпы құны 7,3 млрд теңгені құрайтын 6 жоба іске қосылып, 182 жаңа жұмыс орны ашылды. Ал қалған 8 жобаны жыл соңына дейін жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Жиын барысында инвестиция тарту бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен аудан әкімдері мен осы салаға жауапты орынбасарлары аймақ басшысына инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша қолға алынатын шаралар туралы ақпарат берді. Облыс әкімі кешенде кәсіпкерлік басқармасына өңірде жүзеге асырылатын, жалпыұлттық пулға кіретін инвестициялық жобалардың орындалуын қатаң бақылауда ұстауды, инвесторларды өңірлік үйлестіру кеңесіне тарту бойынша жұмысты күшейтуді, белсенділігі төмен қалалар мен аудандар бойынша нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

«Барлық өңірлік басшылардан жоспарлы көрсеткіштерді толық орындау талап етіледі. Бұл көрсеткіштердің орындалуы облыстың жалпы рейтингіне тікелей әсер етеді және экономикалық даму көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді. Жоспарлы көрсеткіштерді орындау – облыстың инвестициялық тартымдылығы мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен арнайы инвестициялық кеңес қорытындысында: «Егер инвестиция болмаса, даму жоқ», - деп атап өтті. Сондықтан бұл бағыттағы жұмысты жандандыру қажет», - деді аймақ басшысы.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиында өңірдегі құрылыс сапасына мониторинг жүргізу барысы қаралды. Облыстық басқарма басшылары қатысқан жиынға аудан және қала әкімдері бейнережимде қосылды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Абай облысы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сайлауғалы Байназаров баяндады.

СӘУЛЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ - ШАҒАР КЕЛБЕТІ

Басқарманың мәліметінше, аймақ басшысының хаттамалық тапсырмасына және Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес облыстың қала-аудандарындағы 142 нысандағы құрылыс сапасына мониторинг жүргізілді. Мұндай мониторинг Абай облысы құрылғалы жүргізілмеген, атқарылған жұмыс негізінде қамтылған нысандардағы құрылыс сапасы, жұмыс кестесіне сәйкестігі ашық анықталды. Сонымен қатар, 183 нысанға бірлескен тексеру жасалды. Семей қаласының сырт келбетін бұзып тұрған нысандарды ретке келтіру бағытында да мониторинг жүргізілді. Жиын барысында басқарманың жүргізген мониторингіне сәйкес кемшіліктер анықталған аудан әкімдері мен осы салаға жауапты орынбасарлары аймақ басшысына олқылықтарды жою бойынша ақпарат берді. Облыс әкімі жиында құрылыс сапасы мен қауіпсіздігіне, заң талаптарының сақталуына баса назар аударып, салаға жауапты орынбасары Серік Төленбергеновке құрылыс жұмыстарын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

«Бұл мәселе бойынша біз бір емес, бірнеше рет арнайы жиналыс өткізіп, тиісті тапсырмалар берген болатынбыз. Алайда тапсырма уақтылы орындалмаған. Тиісті деңгейде қадағалау болмаған. Аталған мәселе өңіріміз үшін аса маңызды, себебі көз келген құрылыс нысаны заң талаптарына сәйкес және халық үшін қауіпсіз болуы міндет. Бұл – өңір халқы үшін жасалып отырған инфрақұрылым. Қаржысы бөлінгеннен кейін барлығымыз жауапты болуымыз керек. Аталған нысандардың құрылысы менің тікелей бақылауымда болады», - деді аймақ басшысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ТАЛДАУ ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте Жұмысшы мамандықтары жылы бойынша жоспарды жүзеге асыру барысы, облыстағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар және өңірде бұқаралық спорт түрлерін дамыту мәселелері талқыланды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Қала-аудан әкімдері бейнережимде қосылды.

Жұмысшы мамандықтар жылы бойынша жоспарды іске асыру барысы туралы облыстық білім басқармасының басшысы Бауыржан Ердембеков баяндады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында облыста тиісті жұмыстар жүзеге асырылуда. Бүгінде өңірдегі 32 колледжде 20 мыңнан астам студент оқиды. Олардың 75 пайызы мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алады. Соңғы екі жылда колледждер желісі оңтайландырылып, материалдық-техникалық база нығайып келеді. «Барлығына арналған кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы аясында 3 жылда мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайды. Өңірдегі 21 колледж жұмысшы мамандықтары бойынша мамандар дайындайды.

Аталған оқу орындарында 4000 студент білім алып жатыр. «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай өңірлік іс-шара жоспары әзірленді. Жоспар 7 бағыттан тұрады. Колледждердің оқу жабдықтарын жаңарту жұмысы жүргізіліп жатыр. Биыл 6 колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілердің қолдауымен жаңа оқу және тәжірибе орталықтары ашылуда. «ҚТЖ», «Қазақстан су жолдары», «Қазполиграф» сияқты кәсіпорындармен серіктестік орнатылып, заманауи өндірістік кабинеттер іске қосылды. Облыс студенттері WorldSkills және

«Abilypmics-2025» чемпионаттарында жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Өңіркомандасы республикалық WorldSkills чемпионатында екі жыл қатарынан I орын иеленіп, EuroSkills Herning 2025 халықаралық жарысында үш студент ел намысын қорғады. Ерекше білім қажеттілігі бар студенттер республикалық деңгейдегі жарыстарда жеңіске жетті. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында мектептерде 43 мамандандырылған сынып ашылып, жастардың еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік жасалды.

Аймақ басшысы жиында білім басқармасына жұмыспен қамту басқармасымен бірлесіп еңбек нарығына мұқият талдау жүргізуді, кәсіпорындарға қажетті жұмысшы мамандықтардың нақты санын анықтауды, дуальды оқыту мен тәлімгерлікті дамытуды, колледждер мен кәсіпорындар арасындағы өріптестікті нығайтуды, түлектердің жұмыспен қамтылуын тұрақты бақылауды және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

«Президент бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтары жылының аяқталуына 2 ай қалды. Осы уақытқа дейін жыл аясында атқарылған жұмыстарды жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен еңбек нарығына нақты талдау жасап, бұл бағыттағы жұмысты жандандыру қажет», - деді облыс әкімі.

«СТ» - ақпарат

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

1. Телефондарыңыздағы Каспий банктің QR-ын ашасыздар;
2. Газеттің аты тұрады;
3. Жазылу кезеңін таңдайсыздар (6 немесе 12 ай);
4. Жазылушының аты-жөні, телефон нөмірі сол парақшада;
5. Газет жеткізілу мекенжайы (жолға сыятындай етіп қысқартып жазу керек);
6. Төмендегі көк жолақты - «жалғастыруды» (продолжить) басу;
7. Ары қарай ақша төлеу.



Kaspi QR

Жазылым үшін ақы төлеу

SEMEI
tany



• СЕМЕЙ

БӨГЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Қала әкімі Әділет Қожанбаевтың тапсырмасымен Суық бастау кентінде бөгет құрылысы басталды. Бұл жоба көктемгі су тасқынының алдын алу және тұрғын үйлер мен инфрақұрылым нысандарын қорғау мақсатында жүзеге асырылуда.

Жоспар бойынша бөгеттің жалпы ұзындығы 3 шақырымға дейін созылатын болады.

Айта кетейік, биыл кент аумағында ұзындығы 1200 метр болатын қорғаныс бөгеті салынған болатын. Жаңа жоба осы жұмыстардың жалғасы болып табылады.

Мамандардың айтуынша, бөгет құрылысы толық аяқталған соң су тасқыны кезінде ауыл ішіндегі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды су басу қаупі айтарлықтай төмендейді. Сонымен қатар бұл нысан маусымдық табиғи қауіп-қатерлердің алдын алуға және инженерлік инфрақұрылымды нығайтуға септігін тигізеді.

ТАЭКВОНДОДАН АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Семей қаласында таеквондодан (WT) балалар мен кадеттер арасында ашық турнир өтті. Жарыс 2011–2015 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында «Тарлан» спорттық-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылды.

Турнирге Семей және Өскемен қалаларынан, сондай-ақ Көкпекті ауданынан келген 200-ге жуық жас спортшы қатысты. Қатысушылар өз салмақ дәрежелері бойынша бақ сынады.

Жарыстың басты мақсаты – өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа қызығушылықтарын арттыру және болашақ чемпиондарды тәрбиелеу. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жарыстар жас спортшылардың тәжірибе жинақтап, өз әлеуеттерін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Турнир қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен жас таеквондошылар Семей қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің медальдарымен, мақтау қағаздарымен марапатталды.

SHAKARIM UNIVERSITY ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі ұйымдастырған «Қазақстан – академиялық білім кеңістігі» халықаралық серіктестердің стратегиялық форумы аясында AI SANA Leaders ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.

Жасанды интеллект бағытындағы 200-ден астам жоба арасынан Shakarim University командасы елдің үздік 15 жобасының қатарына еніп, «Білім беру саласындағы үздік AI-жоба – Академиялық адалдық» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

КІТАПХАНАДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Семей қаласының орталықтандырылған кітапханасына қарасты №12 бөлімшеде Жұмысшы мамандықтары жылына орай «Адал азамат, адал еңбек» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Іс-шараға жеке кәсіпкер, кондитерлік өнімдер маманы Айжан Тұрсынғазықызы шақырылды. Он жылдан астам уақыт тәтті өнімдер пісіріп, шағын кәсібін дамытып келе жатқан кәсіпкер адал еңбектің жеке адамның ғана емес, бүкіл мемлекеттің өркендеуіне ықпал ететінін атап өтті. Кәсіпкер сондай-ақ кондитер мамандығының қыр-сырын түсіндіріп, сүйіспеншілік пен жауапкершілік арқылы ғана табысқа жетуге болатынын сөз етті.

Іс-шара соңында еңбек тақырыбына арналған кітаптар мен мерзімді басылымдарға шолу жасалды.

ҚАЛА ӘКІМІ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Семей қаласының әкімі Әділет Нұрсағатұлы тұрғындарды жеке қабылдап, олардың өтініш-шағымдарын тыңдады. Қабылдауға 20-дан астам қала тұрғыны келіп, өздерін толғандырған мәселелерін жеткізді.

Кездесу барысында тұрғындар әлеуметтік маңызы бар бірқатар түйткілдерді көтерді. Атап айтқанда, аула аумақтарын абаттандыру, жолдарды жөндеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, ауыз су және көше жарықтандыру жұмыстары сынды мәселелер талқыланды.

Қала әкімі көтерілген сұрақтардың барлығын назарға алып, тиісті бөлім басшылары мен коммуналдық қызмет өкілдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Әрбір өтініштің орындалуы бақылауда болатынын атап өтті. Мұндай кездесулердің басты мақсаты – тұрғындардың ұсыныс-пікірін тыңдап, өзекті мәселелердің шешімін табу.

КИНОТЕАТРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Жанжігіт Омархановтың төрағалығымен қала кинотеатрларының өкілдері қатысқан жиын өтті. Бұл басқосу өңірдің мәдени кеңістігін дамытудағы маңызды пікір алмасу болды.

Жиында кинотеатрлардың қызметін жетілдіру, заңнамалық талаптардың орындалуы және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Қазіргі таңда Семей қаласында төрт кинотеатр тұрақты түрде жұмыс істейді. 1974 жылы салынған «Дастан» кинотеатры – қаланың мәдени шежіресінде айрықша орны бар, бірнеше буын көрерменінің сүйікті ордасына айналған нысан (467 орын). Заманауи үлгіде жабдықталған «Қазына» кинотеатры (214 орын) жастар жиі баратын мәдени орталыққа айналды. Сонымен қатар 225 орындық «Smart» және 250 орынға арналған «G Cinema Park» кинотеатрлары да көрерменге сапалы қызмет көрсетіп келеді.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар және өңірде бұқаралық спорт түрлерін дамыту мәселесі талқыланды.

Бұл туралы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Олжас Бейсенбаев және дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бақыт Бекбосынов баяндады.

Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, облыста 150 мыңнан астам жас тұрады. Олардың үштен екісі қалада өмір сүреді. Өңірдегі жоғары оқу орнында 20 мыңнан астам студент білім алып жатыр. Биылғы жыл басынан бері 7 мыңнан астам жас тұрақты жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар, 61 жас кәсіпкер «Бастау Бизнес» жобасы аясында өз ісін бастауға 400 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) көлемінде грант алды.

Облыста 10-нан астам жастар ұйымы қызмет атқарады, олардың ішінде 2-уі республикалық мәртебеге ие. Жастар денсаулығын қорғау бағытында 4 жастар денсаулық орталығы қызмет етеді.

«Жасыл ел» жобасы аясында 1000 жас маусымдық жұмысқа тартылған. 2024 жылы 70-ке жуық жас отбасы «Абай жастары» және «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» өңірлік бағдарламалары арқылы баспаналы болды. Жастар ресурстық орталықтарының жұмысын күшейту мақсатында өңірде 13 орталық қызмет етеді. Дегенмен, кейбір аудандарда кадр тапшылығы мен материалдық базаның ескіруі байқалады. Осыған байланысты жастармен жұмыс сапасын арттыру, орталықтардың материалдық-техникалық жабдықталуын жақсарту және қызметкерлердің жалақысын көтеру жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы жиында осы салаға жауапты орынбасары Мейірлан Раханов пен жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Олжас Бейсенбаевқа жастар саясатын тиімді іске асыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді. Облыстан басқа өңірлерге қоныс аударған жастардың кету себептеріне талдау жүргізуді, жастарды тұрғын үймен қамту мәселесін әзірлеуді, шалғай ауыл жастары үшін ресурстық орталықтардың қолжетімділігін арттыруды, жастар арасындағы суицид, наркомания және лудоманияның алдын алу шараларын күшейтуді жүктеді.

«Мемлекет басшысы жастар саясатына үлкен көңіл бөлетіні бәрімізге мәлім. Облыс жастарын қолдау бағытында менің алғашқы қабылдаған шешімдерімнің бірі – 2025 жылғы 23 сәуірде Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманы құру. Мұндай басқарма еліміздің 20 өңірінің тек 8-де бар. Жалпы жастар саясаты басқармасының басты мақсаты – жастардың идеясы мен бастамаларына жан-жақты қолдау білдіру, оларды қоғамдық өмірдің алғы шебіне шығару» деді аймақ басшысы.

Облыста бұқаралық және кәсіби спортты дамыту бағытында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі уақытта өңірде спорттың 72 түрі дамып келеді. 26 спорт мекемесінде 14 700-ден астам спортшы жаттыға-

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

АУЫЛДАРДЫ ДАМУДА ОҢ НӘТИЖЕЛЕР КӨП

Қазіргі күнде ауылшаруашылығын дамыту, ауылдардың өркендеуіне мемлекет тарапынан қолдау көрсету нақты жолға қойылып отырғаны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бас-тамасымен түрлі мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, оны өңірлерде орындау жұмыстары да жалғасуда. Осы орайда Абай облысының ауылдары мен елдімекендерін дамытуға тұрақты көңіл бөлініп отыр.

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«*Semei tanu*»

Бұл туралы Абай облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Роза Құдайбергенова Абай өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында өткен баспасөз мәслихатында БАҚ өкілдеріне кеңінен мәлімдеді.

Жалпы, облыс бойынша, 326 елді мекен бар, оның ішінде 2 облыстық маңызы бар қала (Семей, Курчатов), 2 аудандық маңызы бар қала (Аягөз, Шар), 2 кент (Шүлбі, Шаған), 134 ауылдық округте 320 ауыл бар. Даму әлеуеті бойынша ауылдық елді мекендер тірек, спутниктік және стратегиялық болып бөлінеді. Абай облысы бойынша 62 тірек, 101 спутниктік, 10 стратегиялық ауылдар бар. Шекара маңынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан 42 ауылда 32,9 мың адам тұрады.

Аймақ тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда. Биыл жоспарға сәйкес, ауылдық елді мекендерде 62,9 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, 750 отбасы баспанамен қамтамасыз етілмек. Ауылдарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылы ауылдық елді мекендерде су құбырларын салуға қаржыландыру көздері есебінен 14,1 млрд теңге бөлінген. Нәтижесінде 22 нысан пайдалану-

ға беріліп, жыл соңында ауылдарда орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 97% құрайды. Бұдан басқа, су желілерінің тозуын азайту мақсатында 31 ауылда жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақсатқа 4,6 млрд теңге қарастырылып отыр.

«Биыл аудандық маңызы бар және ауылы-шілік жолдарды жаңартуға 8,6 млрд теңге бөлініп, 198,2 шақырым жол ретке келтіріледі. Облыс құрылғалы 3 жыл ішінде «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында 21,2 млрд теңгеге 191 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде 7 жаңа әлеуметтік нысан салынған, 184 нысандарға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бүгінге 2,1 млрд теңгеге 5 мектеп құрделі, 80 мектеп ағымдағы жөндеуден өтті. Көкпекті ауылында жүзу бассейні салынды. Қарауылда арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығының ғимараты ашылды. Ұржар ауданындағы Жоғарғы Егіну ауылында 100 орындық клуб, Көкбай ауылындағы спорттық модуль, Петропавловка ауылында спорт және демалыс орталығының құрылысы аяқталуға жақын»-дейді Роза Құдайбергенова.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ауыл халқының тыныс-тіршілігін жандандыру қарқынды жүргізілуде. Бесқарағай ауылында жүзу бассейні, Кеңгірбай би ауылында балалар лагері, Ерназар, Глуховка, Беген, Камышенка ауылдарында мәдениет үйлері, Қалбатау ауылында жүзу бассейні, Жаңғызтөбе ауылында спортмо-

дуль, Ақжар ауылында арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығы салынууда.

Мақаншы ауылында 1991 жылдан бері құрылысы тоқтап қалған дөрігерлік амбулатория ғимараты салынып, биыл қолданысқа беріледі. Ғимаратта 15 орынға күндізгі стационар, ауысымына 100 адам қабылдайтын дөрігерлік амбулатория, зертхана мен әйелдер консультациясы, хирургия және стоматология кабинеттері ашылады. Енді аудан тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсету мүмкіндігі болады.

Абай облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының айтуынша, халықтың табысын арттыру мақсатындағы «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру ауыл экономикасының дамуына оң ықпал етеді. Осы бағдарлама бойынша биыл 148 шағын несие-лерді беруге 1 млрд теңге қарастырылған. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру аясында облыс бойынша өткен жылы - 62, йылды - Ақсуат ауданының Қожагелді және Аққала ауылдарында алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандары салынды.

Жыл соңына дейін Ұржар ауданында күндізгі стационары бар дөрігерлік амбулатория пайдалануға беріледі. Ауылға жұмыс істеу үшін келген жас мамандарға соңғы 3 жыл ішінде «Дипломмен ауылға» жобасы аясында 1,9 млрд теңгеге 340 несие және 307,6 млн теңгеге 894 көтерме жәрдемақы төленді.

Биылғы жылы тұрғын үйді сатып алу немесе салу мақсатында 99 бюджеттік несие-ні беруге республикалық бюджеттен 888,6 млн теңге бөлінді.

Сонымен қатар, жергілікті бюджеттен 344 көтерме жәрдемақыны төлеуге 135,5 млн теңге қарастырылған (100 АЕК (393,2 мың теңге) мөлшері). 2025 жылдың 1 қазанына 95,2 млн теңгеге 242 жәрдемақы берілді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Алматы қаласында өткен халықаралық FAIO 2025 (Fizmat AI Olympiad) жасанды интеллект олимпиадасында Абай облысының Білім-инновация лицейінің оқушылары жүлделі II орын иеленді.


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУДА КҮМІС ЖҮЛДЕ

Команда құрамында 10-сынып оқушылары Темірлан Жүнісов, Асанәлі Микебаев, 11-сынып оқушысы Әлем Аменов бақ сынады. Финалдық кезең жеңімпаздары 31 қазанда Алматы қаласында салтанатты түрде марапатталды. FAIO – жасанды интеллект саласындағы оқушыларға арналған ең ауқымды халықаралық командалық олимпиадалардың бірі. Биылғы додаға Қазақстан, Ресей, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Армения, Тәжікстан және Кипр елдерінен 400-ден астам команда (1200-ге жуық қатысушы) қатысты. Олимпиада тапсырмалары бағдарламалау, алгоритм құрастыру және машиналық оқыту элементтерін қамтыды.

Бұл оқушылардың логикалық және сыни ойлау қабілетін, сондай-ақ команданық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталды. Абай облысы командасының бұл жетістігі – өңірдегі білім беру жүйесінде IT және цифрлық технологиялар бағытына ерекше назар аударылып отырғанының айқын дәлелі.



«ST» - ақпарат



Қазақстандағы жарнама және өндіріс саласында өзіндік орны бар, үздік ондыққа енетін әйгілі «Семей Көркем» компаниясы биыл өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл – тек бір кәсіпорынның тарихы ғана емес, бұл – адал еңбек пен табандылықтың, шығармашылық пен кәсібиліктің нәтижесі.

«СЕМЕЙ КӨРКЕМ» – ЖАРНАМА ӘЛЕМІНДЕГІ 20 ЖЫЛДЫҚ ТАБЫС ФОРМУЛАСЫ



Бүгінде компания тек Семейде емес, Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Қызылорда, Шымкент, Алматы қалаларында, сондай-ақ Абай облысының барлық өңірінде табысты жобаларды жүзеге асырып келеді.

Халықаралық деңгейде компанияның қызметі Қырғызстан мен Ресейде де ұсынылған.

Ең қызығы, біз, әдетте, Семейде тек ірі компаниялардың филиалдары жұмыс істейді деп ойлаймыз. Ал «Семей Көркем», керісінше: негізгі орталығы – Семей қаласында, ал филиалдары Астана мен Алматыда орналасқан. Бұл – аймақтан шыққан нағыз табысты брендтің жарқын мысалы.

– Арман Шамайұлы, әңгімені бастау үшін айтыңызшы, бәрі неден басталды?

– Мен Мақаншы ауданының Ақшоқы ауылында дүниеге келдім. Алматыдағы Абай атындағы университеттің көркемсурет және сызу факультетін бітірдім. Балалықтан бері суретке, көлеңгерге қызықтым. Метал мен ағаштан түрлі бұйымдар жасап, қолдан өнер туындыларын шығаратынымын. Студент кезімде сыртқы жарнама жасау ісіне арналастым. Сол кезде бұл саланың менің бағытым болатынын түсіндім.

– Ал өз кәсібіңізді қашан бастадыңыз?

– Университетті 2002 жылы тамамдап, Семейге оралдым. Алғашында жарнама компаниясында суретші-дизайнер болып еңбек жолымды бастадым. Біраз тәжірибе жинап, өз ісімді бастауды ұйғардым. Қасымда туған бауырларым Ержан мен Елжан болды. Бастапқыда бәріміз үйден жұмыс істедік. Кейін аздап қаржы жинап, шағын кеңсе жалдадық. 2007 жылы өз ғимаратымызды сатып алдық, ал 2019 жылы жаңа кеңсе салып, оны кеңейттік. Осылайша, нөлден басталған шағын шеберхана бүгінде үлкен компанияға айналды.

– Сіздің жетістік құпияңыз неде?

– Ең алдымен, өз ісіңе деген сүйіспеншілікте. Мен бұл жұмысты жан-тәніммен жақсы көремін. Екіншіден, уақытымен дамып отыруда. Біз әрқашан нарықты зерттеп, жаңа технологияларды үйреніп, тұтынушыларға ерекше шешім ұсынуға тырысамыз. Бәсекелестердің кемшілігін өз артықшылығымызға айналдыра білдік. Біздің ұстанымымыз қарапайым: клиенттің мәселесін шешсең – бизнесің дамиды.

– Сіздер жаңа технологияларды белсенді енгізіп келе жатқандарыңызды айтыңыз...

– Иә, біз елімізде алғашқылардың бірі болып өндірісті автоматтандырдық. Ультракүлгін

баспа технологиясын енгіздік. Бұл әдіс арқылы металл, әйнек, ағаш, пластик, мата сияқты кез келген бетке бейне түсіруге болады. Мұндай баспа 5–7 жыл бойы өңін жоғалтпайды. Бұл – сапа мен сенімділіктің келісі.

– Компания бүгінде қаншалықты іріленді?

– Қазір біздің клиенттер базасында ел бойынша 5 мыңнан астам компания бар. Семейде шамамен 100 адам, Астанада 40, Алматыда 20 адам жұмыс істейді. Барлығы 150–160 қызметкер. Бізде «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсетіледі: сыртқы жарнама, баспа, сувенир өнімдері, материалдар дүкені, сапна жабдықтарын жалға беру – бәрі бір жүйеде.

– Жұмыс барысында қандайда бір қиындықтар болды ма?


– Өрине, болды. Алғашқы жылдары қаражат та, қолдау да болған жоқ. Кейін «Даму» қоры арқылы көмек алдық. Кей сәттерде тіпті бизнесті жабу туралы ой да болды. Бірақ тоқтаған жоқпыз. Уақыт өте келе менеджментті, басқару жүйесін үйреніп, білімімізді жетілдірдік. Ең бастысы – командаға сену. Компания – қағаз емес, ол – адамдар, ұжым, сенім.

– Отбасыңыз жайлы да айтып өтсеңіз.

– Жан жарым Ләйла – біздің компанияның қаржы директоры. Төрт баламыз бар. Үлкен қызым дизайнер мамандығын таңдады, екі ұлым мектепте оқиды, кенжеміз үш жаста.

– Жасанды интеллект туралы не ойлайсыз?

– Бұл – болашақ. Біз де II технологияларын үйреніп, жұмысымызға енгізуді жоспарлап отырмыз. Адам мен жасанды интеллект бірігіп жұмыс істегенде ғана жаңа деңгейге шығуға бо-



лады деп ойлаймын.

– Сіздің өмірлік ұстанымыңыз қандай?

– Ең бастысы – парасат пен адалдық. Мен әрқашан адамды ең алдымен адамгершілігіне қарап бағалаймын. Білімді, бірақ әділетсіз адаммен ұзақ жұмыс істеу мүмкін емес. Бізде басты қағида – клиентке тек шындықты айту. Өтірік ұзаққа бармайды.

Жырма жыл ішінде «Семей Көркем» еліміздегі жетекші брендтердің сенімді серіктесіне айналды. Компания Sulpak, Technodom, Mechta, Kulikov, Zebra Coffee, Intertop, Sportmaster секілді танымал желілермен жұмыс істейді.

2021 жылы «ADV Awards» байқауында Қазақстанның үздік жарнамалық-өндірістік компаниясы атанса, 2025 жылы «Семей Көркем» атауы ресми түрде тауарлық белгі ретінде тіркелді.

Бүгінде бұл компания – тек жарнама өндірісін орталығы емес. Бұл – қалалардың келбетін қалыптастырып, отандық бизнестің дамуына үлес қосып отырған шығармашыл әрі жаңашыл команда.

А.ШӘРІПХАНОВА

АБАЙ

АУДАН ЖАСТАРЫ БЕЛСЕНДІ

Мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен болашағы жастардың өмірлік ұстанымына, олардың белсенділігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сол себепті жас ұрпаққа сапалы білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау көрсету, мәдени және азаматтық белсенділігін арттыру – елдің тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізгі алғы шарттары.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жастарға арналған түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып, олардың бастамаларына қолдау көрсетіледі. Бұл ретте Абай ауданында да жастардың қоғамдық және азаматтық белсенділігін арттыру, жұмыспен қамту, кәсіби және жеке даму мүмкіндік-

терін кеңейту бағытында жүйелі әрі мақсатты жұмыстар жүргізілуде.

«Жастар – ел болашағы» ұранымен өңірде жас ұрпақтың әлеуетін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар табысты іске асырылып келеді.

Ресми мәліметтерге сәйкес, ау-

данда 14 пен 35 жас аралығында 3 590 жас бар. Оларды қоғамдық пайдалы істерге тарту, жұмыспен қамтуда «Жасыл ел» бағдарламасының тиімділігі зор. Биыл бұл бағдарламаға 120 жас қатысып, елді мекендерді көркейту мен тазалық жұмыстарына өз үлестерін қосты. Биылғы еңбек маусымының жабылу салтанатында «Жасыл ел» жасағы қатарында еңбек еткен Данияр Мейрамбекұлы «Үздік сарбаз» аталымына ие болды. Сондай-ақ аудан жастары экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған республикалық «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысуда.

Ауданда еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс та ерекше назарда. Аудандық Жастар ресурстық орталығының ақпаратна сүйенсек, қазіргі таңда бұл санат бойынша 22 жас тіркелген. Олардың ерқайсысына жеке жоспар әзірленіп, кәсіби бағдар беру, еңбекке баулу және қоғамдық өмірге тарту мақсатында 13 іс-шара өткізілген. Жастар ресурстық орталығы мамандары жүйелі жұмыс жүргізіп, осы санаттағы жастарға жұмысқа орналасу, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсетуде.

Аудан жастарын жұмыспен қамту және кәсіпкерлік бастамаларын қолдау бағытында да айтарлықтай нәтижелер бар. Жастардың кәсіби қалыптасуы мен өз ісін бастауына нақты мүмкіндіктер жасалып отыр. Мәселен, «Бизнес Бастау» жобасы бойынша 12 жас өз ісін ашты. «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы да жас мамандар үшін іс-тәжірибе жинақтауда тапсырмас мүмкіндік. Осы бағдарлама аясында 28 адам тәжірибеден өтті. Ал «Әлеуметтік жұмыс орндары» бағдарламасы арқылы 46 жас уақытша жұмыспен қамтылса, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша 8 адам тұрақты жұмысқа

орналасты.

Ауданда, экономикалық бағытпен қатар, патриоттық және азаматтық тәрбие беру ісіне де ерекше көңіл бөлінуде. Тағылымды кездесулер, деңгелек үстелдер мен пікірталастар барысында жас ұрпақтың азаматтық ұстанымы мен отансүйгіштік рухы қалыптасады. Мемлекет басшысының бастамаларын, Президенттік кадрлық резерв пен «Адал азамат» тұжырымдамасын насихаттау мақсатында 15 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылып, оған 650-ден астам жас қамтылды.

Жастардың мәдени дамуы мен азаматтық белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтына баулу – жастар саясатының басым бағыттарының бірі. Бұл мақсатта мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, өнер және мәдениет саласындағы жобаларды қолдау олардың қабілетін ашуға үлкен мүмкіндік береді. Осындай шараларға қатысу арқылы жастар қоғамның мәдени өміріне белсене араласа алады. Бұл ретте ауданда 30-дан астам клуб пен үйірмелер жұмыс істейді. Оларда 350-ге жуық жас өздерінің шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытып келеді. Мәдени іс-шаралар, спорттық жарыстар мен талانتтар байқаулары жастардың әлеуетін ашуға және қоғамдық белсенділігін арттыруға зор мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың, алаяқтықтың, ойынқұмарлық пен мен нашақорлықтың алдын алуға да ерекше мән беріледі. Жастар ресурстық орталығы мамандары түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында 32 іс-шара өткізген. Мұндай шаралар жастардың салауатты өмір салтын ұстануына және құқықтық мәдениетті арттыруға ықпал етеді.

Жастардың бастамалары мен шығармашылық және спорттық жетістіктерін, волонтерлік қызметін насихаттау мақсатында 100-ден астам ақпараттық материал жарияланды.

Аудан жастарының ұлттық мәдениетті бойларына сіңірген саналы, жан-жақты тұлға болып қалыптасулары үшін алдағы уақытта да жұмыстар жалғасын таба бермек.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА



НЕСИЕ ҮШІН БАНК ӨЗІ ЖАУАП БЕРЕДІ

Мәжілістің жалпы отырысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова алаяқтық жолмен рәсімделген несиелерге қатысты жаңа тәртіп енгізілгенін айтты.

Енді азаматтың келісімінсіз рәсімделген несие анықталған жағдайда, оны банк өз есебінен өтейді.

Маусым айынан бастап биометриялық және екі факторлы тексеру жүйесі күшейтілген. Осы талаптар сақталмаса, банк сот шешімімен жауапкершілікке тартылады.

Malim.kz

18 400 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Сенат кулуарында Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мөлдебекова мектеп оқушыларының сабақ үстінде телефон пайдалануына қатысты жағдайды айтты.

Вице-министрдің айтуынша, “Білім туралы” заңда оқу процесі кезінде ұялы телефон қолдануға тыйым салынған. Бұл норма заңмен бекітілген және оны бұзған жағдайда ата-аналарға әкімшілік жауапкершілік көзделді.

Жалпы, заңда сабақ үстінде телефон қолдануға болмайтыны нақты көрсетілген. Егер мұндай жағдайлар тіркелсе, ата-аналарға айыппұл салу қарастырылған. Бұл мәселе заңнамада толық қамтылған, – деді Майра Мөлдебекова.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында мұндай заң бұзушылықтар тіркелмеген. Дегенмен, егер тәртіп бұзу фактілері анықталса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 409-бабы бойынша шара қолданылады.

Егер бірінші рет анықталса, ескерту беріледі. Ал қайталанған жағдайда ата-аналарға әкімшілік айыппұл салынады, – деп түсіндірді вице-министр. Айыппұл көлемі 5 АЕК-ке дейін, яғни 18 400 теңгеге дейін.

РЕКОРДТЫ ЖЫЛ БОЛДЫ

Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров елдегі 2025 жылғы егін жинау жұмыстарына қорытынды жасады.

Ведомство басшысының айтуынша, биыл тек дәнді дақылдар бойынша ғана емес, сонымен қатар бұршақты және майлы дақылдар сияқты жоғары рентабельді әрі сұранысқа ие дақылдар тұрғысынан да рекордтық жыл болды.

Министр ұсынған деректерге сәйкес, республика көлемінде былғы астық жинау науқаны толық аяқталды. 16 млн гектар жерден орта есеппен гектарына 17 центнерден өнім алынып, ел қамбасына 27 млн тонна астық құйылды. Оның ішінде бидай 12,2 млн гектардан орылып, жалпы көлемі 20,3 млн тоннаға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 500 мың тоннаға артық көрсеткіш.

4 млн тоннаға жуық арпа жиналды. Бұршақ дақылдарының түсімі алғаш рет 1 млн тоннаға жетті. Майлы дақылдар бойынша бүгінгі күннің өзінде рекордтық 4,3 млн тонна жиналды және егін жинау жұмыстары жалғасып жатыр. Сонымен қатар, 2,9 млн тонна картоп, 3,8 млн тонна көкөніс, 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды. Мақта жинау жұмыстары аяқталды. Тамшылатып суаруды қолдану арқасында кейбір шаруашылықтар гектарынан 50 центнерге дейін өнім алды, – деді Айдарбек Сапаров.

ОРАЗА КҮНІ БЕЛГІЛЕНДІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Шариғат және пәтуа бөлімі 2026 жылғы діни күндер кестесін бекітті. Бұл туралы мұфтияттың ресми сайтына сілтеме жасаған KAZ.NUR.KZ хабарлайды.

«Хижри айлардың басталуы халықаралық астрономиялық зерттеу орталықтарының мәліметтері негізінде жасалды. Пәтуа мамандары діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін екенін ескертті», – делінген ҚМДБ хабарламасында. Кестеге сәйкес, қасиетті Рамазан айы 2026 жылғы 19 ақпанда басталады. Қадір түні 16 наурыздан 17 наурызға қараған түнге түсіп тұр. Ал Ораза айт – 20 наурызға, Құрбан айттың бірінші күні 27 мамырға сәйкес келіп отыр.

BAQ.KZ

БІРҚАТАР ДӘРІ-ДӘРМЕК БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Қазақстанның фармацевтикалық нарығында бірқатар дәрілік заттың бағасы төмендеді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта дәрілік заттардың 4994 саудалық атауына шекті бағалар бекітілді. Рецептіден тыс босатылатын тағы 1707 препарат мемлекеттік реттеуден шығарылды және оларға өкілетті орган тұрақты мониторинг жүргізіп, нарықтық бағалар бойынша өткізіледі.

2025 жылы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті еліміздің 20 өңірінде дәрілік заттарға қойылған бағаларға мониторинг өткізді. Зерттеуге бес фармацевтикалық топқа: вирусқа қарсы, қабынуға қарсы, бактерияға қарсы, жүрек-қантамырлық және асқазан-ішек жолының ауруларын емдеуге арналған препараттар жататын ең көп сұранысқа ие болған 50 препарат қосылды. Биылғы қыркүйектегі талдау қорытындылары бойынша, маусыммен салыстырғанда, позициялардың 34 пайызы (орта есеппен, 7,8 пайыз), 11,1 позициялардың 50 пайызының (орта есеппен, 11,1 пайыз) бағалары төмендетілгені байқалады.

Әсіресе Гепар комп. Хельв. Ревмоксикам®, Цефяпс, ВАЛМАК-Н, Зитмак® дәрілік препараттарының бағасы айқын төмендеген. Ведомство мәліметінше, бұл дәрілік заттар емдеуде кеңінен, көптеген дертті емдеу кезінде қолданылады. Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті дәрілік препараттардың бағасына жүйелі мониторинг өткізуді жалғастыратынын мәлім етті. Дәрілік заттарды өткізу кезінде заңбұзушылық жағдайлары туралы DarikZ және Naqtu Onim мобилді қосымшалары арқылы немерсе Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің өңірлік департаменттерге жүгіну арқылы хабарлауға болады.

KAZ.NUR.KZ





• АБАЙ

«КӘМЕН ОРАЗАЛИН ЖӘНЕ АБАЙ ӘЛЕМІ»

Абайдың 180 жылдығы аясында көрнекті жазушы, абайтанушы, мұхтартанушы, ұстаз Кәмен Оразалиннің 105 жылдығына арналған «Кәмен Оразалин және Абай әлемі» атты онлайн кездесу өтті. Шараны Ақтөбе облысы, Ырғыз аудандық орталық кітапханасы мен Кәмен Оразалин музей-үйі бірлесіп, Zoom платформасында ұйымдастырды.

Кездесуге Ырғыз аудандық және ауылдық кітапханалар, оқырмандар қауымы қатысты. Шараның мақсаты – Абай мұрасын насихаттау және ғұмырына абайтану мен әуезовтануға арнаған Кәмен Оразалиннің шығармашылығын кеңінен таныту.

Іс-шара барысында музей меңгерушісі Ербол Оразали жазушының өмірі мен еңбегі жайлы әңгімелеп, оның Абайға арналған өлеңдері мен очерктерін, Мұхтар Әуезовтің қолтаңбасы бар «Абай» кітабын және мүсінші Хакимжан Наурызбаевтың сыйға тартқан «Абай» бюстің көрсетті.

Кездесу қазақ әдебиетіне өлшеусіз еңбек сіңірген тұлғаның рухани мұрасын дәріптеп, өңіраралық мәдени байланысты нығайтуға бағытталды.

• АҚСУАТ

АЛҒЫС ХАТ ИЕЛЕНДІ

Ақсуат аудандық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиешісі Гүлназ Сәдуақасова өз ісіне адалдығымен және адам жанына жылулық сыйлай білетін мейіріммен көпке үлгі болып келеді.

Ол «Тағдырды өзгерте алатын тәлімгер» атты жүрекжарды эссесінде өз мамандығына деген сүйіспеншілігін, әлеуметтік саладағы жанашырлығын әсерлі жеткізді.

Гүлназ Сәдуақасованың еңбегі ескерусіз қалмай, Абай облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы басшысының алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат – оның кәсіби шеберлігі мен ізгі істеріне берілген лайықты баға.

Мейірімді маман ерекше күтімді қажет ететін жандарға қамқор болып, олардың өмірге деген сенімін нығайтуға және қоғамға бейімделуіне зор үлес қосып жүр.

Гүлназ Сәдуақасованың еңбегі мен адамгершілігі — жас мамандарға өнегі, әріптестеріне шабыт.

АУДАНДЫҚ АУРУХАНА ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Ақсуат аудандық орталық ауруханасында облыстық бюджет есебінен күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Ғимараттың шатыры толық ауыстырылып, қасбеті жылу үнемдейтін материалмен қапталауда. Алдағы кезеңде нысан сырты металл сайдингпен қапталып, бірінші қабаттағы есіктер мен едендер жаңарады.

Аурухана 2010 жылы салынған және бұған дейін күрделі жөндеу көрмеген. Соңғы екі жылдың ішінде мекеме заманауи аппаратурамен толықты: бейнеэндоскопиялық, офтальмологиялық және кардиологиялық жабдықтар орнатылды, жаңа туған нерестелерге арналған инкубаторлар мен қан қысымын тәулік бойы бақылау жүйелері іске қосылды.

Өткен жылы «Ауылдық жерлерде денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасы аясында ауруханаға қарасты бірқатар жаңа нысан пайдалануға берілді. Екпін мен Үштөбе ауылдарында дәрігерлік емдеу бөлімшелері, Кіндікті ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт, сондай-ақ Сұлутал, Қызыл жұлдыз, Айнабастау және Көктүбек ауылдарында медициналық пункттер ашылды.

• КӨКПЕКТІ

ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Көкпекті ауданы Шығармашылық сарайының жас өнерпаздары Астана қаласында өткен «Ақ көгершін» - балалар шығармашылығының XX Мерейтойлық халықаралық фестиваль-байқауында топ жарып, мектеп мерейін тағы бір мәрте асқақтатып қайтты.

Аталған байқауда қатысушылар аспаптық орындау, хореография және вокал секілді бірнеше номинация бойынша өнер көрсетті. Сахна мәдениеті мен орындау шеберлігі арқылы көзге түскен шәкірттеріміздің жетістіктері көңіл қуантады.

Атап айтсақ, Аяжан Қайнуллаева I орын, Қуаныш Аңсар (домбыра) I орын, «Балауса» би тобы заманауи биімен I орын, қазақ биімен II орын, «Кәусар» жетігеншілер ансамблі II орын, Жансая Мұратова III орын иеленді.

Бұл жетістіктердің артында ұстаздары З.Тұрлыбаева, М.Сейтқазы, Н.Оспанова сынды тәжірибелі педагогтердің еңбегі тұр.

Талабы таудай жас өнерпаздарға алдағы уақытта да биік белестер мен шығармашылық шабыт тілейміз.

• ЖАРМА

ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Жарма ауданының әкімі Н. Борсықбаев Қаратөбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесу өткізді. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы М. Оспанбаев, аудан прокуроры М. Төлеуленов, сондай-ақ полиция бөлімінің басшысы, подполковник Д. Райстанов қатысты.

Кездесу барысында ауданның, аудалық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы, алдағы жоспарлар және халықты толғандырған өзге де мәселелер кеңінен талқыланды. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалып, шешу жолдары қарастырылды.

Мұндай кездесулер билік пен халық арасындағы сенімді нығайтып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді.

АБАЙ



Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tany»

Сәуле Асқынқызы 1970 жылы Абай ауданының Қарауыл ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1989 жылы Бородулиха орталық ауруханасында мейірбике болып бастады. Кейіпкеріміз еңбекқорлығы мен жауапкершілігінің, адамға деген шынайы қамқорлығының арқасында сол кездің өзінде-ақ әріптестерінің құрметіне бөленді.

2003 жылдың наурыз айынан бастап Абай ау-

Өңірімізде саналы ғұмырын өзгелерге көмек көрсетуге арнаған жандар аз емес. Солардың қатарында абыройлы еңбегімен ел құрметіне бөленген әлеуметтік сала қызметкері Абдилманова Сәуле Асқынқызы да бар. Мамандығын жүрек қалауымен таңдаған Сәуле Асқынқызы үшін жұмыс – жай ғана міндет емес, адамгершілік борыш.

дандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде әлеуметтік қызметкер ретінде еңбек етті. 2012 жылы Ә.Бөкейхан университетін «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша бітіріп, әлеуметтік қорғау саласындағы кәсіби жолын жалғастырды.

Уақыт өте келе тәжірибе жинап, өз ісінің шебері ретінде танылған Сәуле Асқынқызы биылғы тамыз айынан бастап Абай ауданының Аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Әлеуметтік салада 23 жыл бойы еңбек етіп

келе жатқан кейіпкеріміздің жұмысы адамдардың тағдырымен, олардың өміріндегі қиын сәттермен тікелей байланысты.

- Зейнеткерлерге, мүгедектігі бар жандар мен ерекше күтімді қажет ететін балаларға қамқорлық жасап, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға бар күш-жігерін жұмсайтын білікті маман жаңа әдіс-тәсілдерді орталықтың жұмыс тәжірибесіне енгізіп, отандық және шетелдік тәжірибелерді тиімді пайдалануда. Мінезі сабырлы, парасатты әріптесімізді құрмет тұтамыз. Көп жылғы еңбегі үшін түрлі марапаттар мен алғыс хаттарға да ие болды. Бірақ Сәуле Асқынқызы үшін ең үлкен марапат – көмегін көрген адамдардың ризашылығы мен алғысы, олардың жүзіндегі қуаныш пен үміт сәулесі, – дейді әріптестері.

Сәуле Асқынқызы - отбасында ардақты ана, аяулы жар. Жұбайы Асхат Сабырғалиұлымен бірге бес бала тәрбиелеп өсірді, бүгінде он екі немеренің сүйікті әжесі.

Өмірін адамдарға көмек көрсетуге арнаған Сәуле Асқынқызы – шын мәніндегі еңбек адамы, жүрегі кең, мейірімді мол жан.

Әлеуметтік сала қызметкерлері — алғысты күтпей, жақсылықты жүрек қалауымен жасайтын жандар. Осындай мейірімді жандардың арқасында әлем нұрланып, өмірдің ең қиын сәтінде де адамдардың жүрегінде үміт оты сөнбей келеді.

АҚСУАТ

АУЫЛДЫҢ БЕРЕКЕСІ ЕҢБЕКТЕ



Семей қаласындағы «Солтүстік» сауда-логистикалық орталығында Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің жәрмеңкесі өтті. Ауыл мен қала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, жергілікті тұрғындарды қолжетімді әрі сапалы өніммен қамтамасыз ету және ауыл еңбеккерлерінің еңбегін насихаттау мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын іс-шараға барлық ауылдық округтер белсене қатысты.

Гүлн ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Таңертеңгі сағаттардан-ақ семейліктер ауылдан әкелінген табиғи өнімдерді арзан бағамен сатып алу үшін жәрмеңке алаңына келе бастады.

Ауданның әр ауылдық округінің тауар өндірушілері ет, сүт, май, бал, ірімшік сынды өздерінің сапалы өнімдерін және қолөнер бұйымдарын ұсынды. Барлық тауарлар бекітілген, қолжетімді бағамен сатылымға шығарылды.

Жәрмеңкеде әсіресе ет өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Сыыр етінің келісі 3300 теңге, жылқы еті мен қой еті 3000 теңгеден сатылды. Барлық өнімдер тиісті тексеруден өткізілген, ветеринарлық және санитарлық талаптарға сай.

Қала тұрғындары ауылдан жеткізілген экологиялық таза, табиғи өнімдерге үлкен қызығушылық танытты. Көпшілік, еттен бөлек, бал, ірімшік, май және сүт өнімдерін де сатып

алды. Сауда алаңында сатып алушылар мен сатушылар арасында жылы байланыс орнады.

Жәрмеңке барысында Ақсуат ауданының еңбекқор шаруалары өз өнімдерін ұсынып қана қоймай, ауданның аграрлық әлеуетін паш етті. Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі тірегі, сондықтан мұндай іс-шаралар ауыл еңбеккерлерін қолдап, олардың өнімдерін кеңінен насихаттауға зор мүмкіндік береді.

Дәстүрлі ауылшаруашылық жәрмеңкелері тұтынушы мен өндіруші арасындағы алтын көпірге айналды деуге толық негіз бар. Қала тұрғындарына сапалы, табиғи өнім ұсынған ақсуаттық шаруалар аудан абыройы мен мерейін өсіріп қайтты.

Осындай дәстүрлі жәрмеңкелер арқылы жергілікті өнімге деген сұраныс артып, өңірдің экономикалық әлеуеті де нығая түсетіні сөзсіз. Алдағы уақытта да аудан шаруалары өз өнімдерін жәрмеңкелерге шығарып, ел игілігі үшін еңбек ете бермек.

БАЛАЛАРҒА - ЖАҢА МҮМКІНДІК

Ақсуат ауданында алғаш рет «ASSYLTA» қорының бастамасымен аудандық білім олимпиадасы өтті.



Гүлн ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Жобаның негізгі мақсаты — ауылдағы дарынды балаларға қалалық оқушылармен тең мүм-

кіндік беру, олардың қабілетін анықтау және сапалы білімге жол ашу. Игі бастаманың авторы - «ASSYLTA» қоғамдық қорын құрып, ауыл жастарына, әсіресе білім саласына ерекше қолдау көрсетіп жүрген Дулат Тастекей.

БЕСҚАРАҒАЙ

СПОРТ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Абай облысы білім басқармасының Дарындық пен қосымша білім беруді дамытудың «Дарын» облыстық ғылыми-әдістемелік орталығы мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының ұйымдастыруымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында инклюзиялық қоғамды дамытуға және насихаттауға бағытталған «Тең мүмкіндіктер» атты инклюзивті спорт фестивалінің облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Бұл маңызды шараға өңірдің облыс мектептерінен 100-ге жуық оқушы қатысып, түрлі спорттық бағыттар бойынша (бочча, жеңіл атлетика) өз шеберліктерін сынады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау, олардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, құрдастарымен достық қарым-қатынастарын нығайту және қоғамда инклюзия мәдениетін кеңінен қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған фестиваль 3–8 сынып оқушылары арасында өтті.

Іс-шараға қолдау білдірген об-

лыстық Әйелдер қанатының мүшесі, Бесқарағай аудандық мәслихатының депутаты Динара Түсіпова бұл бастаманың өңірде дәстүрге айналып келе жатқанын атап өтті.

- Біздің өңірде мұндай игі бастамалардың дәстүрге айналып келе жатқаны қуантады. Бүгінгі шарада балалардың белсенділігі мен жеңіске деген жігері баршамызға ерекше әсер сыйлады. Бұл – мүмкіндігі ерекше жандар мен балалардың қоғамда

өздерін өзгелермен тең сезінуіне жағдай жасау мақсатында туған идея. Ең бастысы — олардың спортқа деген қы-



зығушылығын оятып, болашақта үлкен жетістіктерге жетулеріне жол ашу. Олардың арасында болашақ чемпиондар, үлкен жарыстардың жеңімпаздары да болуы мүмкін. Біз осындай балаларға үнемі қолдау көрсетіп, демеу болу, жігер беру – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді Динара Түсіпова.

Жарыс ережесіне сәйкес, командалар жас ерекшелігі бойынша бөлініп, жүгіру, секіру, эстафета сияқты бірнеше кезеңнен тұратын сайыстарда бақ сынады.

Жарыста Бесқарағай ауданының командалары үздік нәтиже көрсетті. 3–4 сыныптар арасында «Жеңіл атлетика» бағыты бойынша «Алау» командасы, «Біз жеңімпаз боламыз» бағыты бойынша «Сұңқар» командасы I орынды иеленді. Сонымен қатар «Алау» командасы тағы бір бағытта жеңімпаз атанды.

Жеңімпаз командалар республикалық кезеңде облыс намысын қорғайтын болады. Фестиваль соңында қатысушылар мен жұлдегерлерге медальдар, грамоталар және арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Инклюзивті бастамаларды қолдау – «AMANAT» партиясының басым бағыттарының бірі. Партияның «Халықпен бірге!» сайлаудағы бағдарламасына сәйкес, 2028 жылға дейін әрбір елді мекенде инклюзияны қолдайтын кемінде бір кабинет ашу жоспарланған.

«AMANAT» партиясы

Бесқарағай аудандық филиалы





БОРОДУЛИХА

ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ

Астанада Қазақстан немістерінің «Болашаққа бағдар» атты форумы өтті. Іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылып, неміс этносының, мемлекеттік органдар, бизнес-құрылымдар және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің басын қосқан ашық диалог алаңына айналды.

Қоғамдық бастамаларды қолдаудың өзекті бағыттарын және мәдениетаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ұйымдастырылған жиын барысында қатысушылар Қазақстандағы көп этносты қоғамның дамуы, этностардың ел өміріндегі рөлі, этномәдени бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимылды арттыру мәселелерін талқылады.

Негізгі отырыс «Біздің күшіміз – бірлікте» тақырыбымен өтті және Парламенттің «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының қатысуымен ұйымдастырылды.

«Ассамблеяның 30 жылдығы аясында біз барлық іс-шараларымызда депутаттық топпен тығыз байланыс орнаттып келеміз. Бұл палатааралық бірлестік мәдениетаралық диалогты нығайтуға зор үлес қосып отыр. Оның жұмысының кеңейтілуі биліктің барлық деңгейінде келісіммен әрі нәтижелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – деді Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент Әкімшілігі хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов.

Форумда сондай-ақ институционалдық бірліктің маңыздылығы, әсіресе тәуелсіздік жылдарында этносаралық келісімнің тиімділігін дәлелдеген Қазақстан моделі ерекше атап өтілді.

Қазақстандағы немістердің ауыл шаруашылығы, ғылым, білім, мәдениет және өнеркәсіп са-



лаларын дамытуға қосқан үлестері туралы да осы жиын барысында айтылды. Еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылда-

рында неміс ұлтының өкілдері жергілікті өзін-өзі басқару, этносаралық келісімді нығайту және экономиканы дамытуға белсенді қатысқан. Көптеген немістер басқарған кәсіпорындар аймақтық дамудың локомотивіне айналып, жаңа технологияларды енгізіп, жұмыс орындарын ашты.

Форум барысында еліміздегі татулық пен өзара сыйластықты нығайтуға үлес қосқан азаматтар марапатталды. Солардың қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Бородулиха ауданы Н.Островский атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі, «ЕРЛІК-ДАҢҚ» іздеу жасағының белсенді мүшесі Сергей Дерксен де бар. Жерлесіміз Қазақстан халқы Ассамблеясының ең жоғары қоғамдық марапаттарының бірі «Бірлік» медалін иеленді.

Сергей Иванович ұзақ жылдар бойы білім беру саласында жемісті еңбек етіп, жас ұрпақты отансүйіштікке, ел тарихы мен мәдениетке құрметпен қарауға тәрбиелеп келеді. Бұл марапат - жерлесіміздің ел тарихын зерттеудегі табанды еңбегіне, сондай-ақ этносаралық келісім мен бірлікті нығайту жолындағы қызметіне берілген жоғары баға.

Сергей Ивановичті лайықты марапатымен әріптестері мен жерлестері құттықтап, қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту жолындағы еңбегі үшін ризашылықтарын білдірді.

Айта кетсек, қазіргі таңда Қазақстандағы немістердің «Возрождение» бірлестігі 226 мыңнан астам адамды біріктіріп отыр. Ұйым қызметінің негізгі бағыттары - мәдени мұраны сақтау, неміс тілі мен мемлекеттік тілді дамыту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, сондай-ақ Қазақстан мен Германия арасындағы экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту. Бірлестіктің қолдауымен еліміздің барлық өңірінде Неміс үйлері жұмыс істеп тұр.

Өз тілшіміз

ЖАРМА

Жарма ауданында жол және цифрлық инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда. Ауданның елді мекендерін байланыстыратын және ауылішілік жолдарды жөндеу және заманауи интернет желісін қолжетімді ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуына және ауданның инвестициялық тартымдылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tanu»

Аудандағы жергілікті маңызы бар автожолдардың ұзындығы 484 шақырымға жуық. Өткен жылы басталған Жаңғызтөбе – Жарық бағытындағы 11,9 шақырым жолдың орташа жөндеу жұмыстары биыл толығымен аяқталады. Ал жолдың жиегін нығайту жұмыстары 15 қарашаға дейін аяқталмақ.

Ауданда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында үш жоба іске асырылуда. Үшбiлiк ауылында ұзындығы 1,6 шақырым болатын Арқарбай көшесіне жөндеу жүргізіледі деп жоспарланған, жоба 2026 жылға ауданның даму жоспарына енгізілді. Ал Қалбатау ауылында мердігер «Жарма тас жолы» ЖШС Әуезов және Ысқақов көшелеріндегі жұмыстарды аяқтауда. Бұл көшелерге асфальт төселді. Аталған компания ұзындығы 1,39 шақырым болатын Мұстанбаев көшесіндегі жөндеу жұмыстарын да аяқтауға жақын қалды.



ҮРЖАР

ТАЗАЛЫҚ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен өтіп жатқан «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына Үржар ауданының халқы да белсене қатысуда. Экологиялық акция аясында аудан көлемінде әр апта сайын сенбіліктер ұйымдастырылып, тұрғындар өз үйінің аулаларын, көшелерін қоқыстан тазартуда.



Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tanu»

Бұл бастаманың мақсаты – еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту ғана емес, сонымен қатар сана мен ой тазалығын сақтау, табиғатты аялау мәдениетін дамыту, сондай-ақ ауыл-аймақты таза, көркем, экологиялық таза етіп ұстау, тұрғындарды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға шақыру.

Өткен аптада аудандағы бірқатар елді мекендерде, атап айтқанда Үржар, Елді, Егінсу, Салқынбел және Барқытбел ауылдарында кең көлемде тазалық шаралары ұйымдастырылды. Сенбілікке жастар, ту-

ған жердің тазалығына бейжай қарамайтын ауыл тұрғындары, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер атсалысып, бірлесе жұмыс істеді. Көшелер мен аулалар ғана емес, су арналары мен жаяу жүргіншілер жолдары да ретке келтірілді.

Акция аясында Үржар ауылының тұрғындары көшелерді тазартып, ағаштарды ретке келтірді. Аудан орталығы тұрғындары ғана емес, ауылдық округтер де қалыс қалмай тазалық жұмыстарына өз үлестерін қосты.

Елтай ауылдық округінде өткен сенбілікте су арналары тазартылса, Егінсу мен Барқытбел ауылдарында белсенді тұрғындар жастармен бірлесіп, көшелер мен саябақтарды ағаш жапырақтары мен қоқыстан тазартты. Ал Салқынбел ауылдық округінде Сегізбай ауылына апаратын жолдың бойындағы қураған және ретсіз өскен талдар кесіліп, арнайы орындарға жеткізілді.

Ауылдарда жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстары бір күндік шара емес, бұл – қоршаған ортаға деген тұрақты қамқорлықтың көрінісі. Елді мекендердің көркеюі үшін тазалық акциялары үздіксіз жалғасуы керек, оған әрбір тұрғынның қатысуы аса маңызды. Таза орта – денсаулықтың негізі, ал экологияны сақтау – ұрпақтар алдындағы парызымыз. «Таза Қазақстан» акциясына ауданның әрбір тұрғыны атсалысса, өз ауылын таза және жасыл етіп ұстауға үлес қосатын болады.

Жалпы, аудан халқы табиғат алдындағы өз жауапкершіліктерін сезініп, аулаларын, көшелерін, саябақтарын таза ұстап, ағаш отырғызуға, сенбіліктерге және ауданның экологиялық жақсартуға бағытталған басқа да іс-шараларға белсене қатысуда.

Қоршаған ортаны таза ұстап, экологиялық мәдениетті қалыптастыруды мақсат еткен тазалық шаралары әлі де жалғасын таба бермек.

Үржар ауданында жол-көлік инфрақұрылымын жаңарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Ағымдағы жылы Жоғарғы Егінсу ауылына кіреберіс 3,5 шақырымдық жол орташа жөндеуден өтті. Бұл туралы Үржар ауданының әкімі Ақылбек Башимбаев Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында хабарлады.

КӨШЕЛЕР ЖӨНДЕЛУДЕ

– «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында ұзындығы 14 шақырым болатын 18 көшеге орташа жөндеу жүргізуге 480 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Жобаға Ақжар, Жаңа тілек, Қарақол және Жанай ауылдары қамтылды. Оның ішінде 10,3 шақырым жолға жаңа асфальт төселді. Ал Қарақол ауылындағы 3,7 шақырымдық учаске өтпелі жоба ретінде 2026 жылы толық аяқталады, – деді аудан басшысы.

Сонымен қатар республикалық маңызы бар Таскескен – Бақты тас жолының 19 шақырымында да жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Биыл жергілікті маңызы бар жолдарды ағымдағы жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 56,6 млн теңге қарастырылып, жұмыстар толығымен аяқталды.

– Биыл аудан жолдарындағы жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында 13 ауылда жол белгілері орнатылды (17,8 млн теңге). Бұған қоса, Үржар, Ақжар және Науалы ауылдарында бейнебақылау жүйелері жаңартылды. 7 млн теңге қаражатқа Науалыда – 16, Ақжарда – 15 жаңа камера орнатылып, Үржар ауылындағы құрылғылар саны 110-ға жетті, – деді Ақылбек Башимбаев.



Ауылдардағы жарықтандыру жүйесі де жаңартылуда. Аудан бойынша 35 елді мекенде 374 көше болса, соның 255-і жарықтандырылған. Ал биылғы жылы ауылдық және аудандық бюджеттен бөлінген қаражатқа 19 елді мекеннің 44 көшесі жарықтандырылған.

«ST»-ақпарат



• ЖАҢАСЕМЕЙ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ БАСТЫ НАЗАРДА

Жаңасемей ауданында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару және экологиялық жағдайды жақсарту мәселелеріне арналған жиын өтті.

Аудан әкімі Нұржан Өбдікәрімовтің төрағалығымен өткен жиын барысында елді мекендердегі тұрмыстық қалдықтарды жинау мен тасымалдау, қоқыс полигондарының санитарлық жағдайын жақсарту мәселелері жан-жақты талқыланды. Атап айтқанда, ауылдардағы заңсыз қоқыс тастайтын орындарды жою, тұрмыстық қалдықтарды шығару жұмысын жүйелеу, арнайы техника мен контейнерлерді тиімді пайдалану қажеттігі айтылды.

Аудан басшысы экологиялық тәртіпті күшейтудің маңыздылығын атап өтіп, жауапты бөлімдер мен ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті арттыру және табиғатты қорғауға бағытталған түсіндіру шараларын күшейту міндеттелді.

МӘСЕЛЕ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Аудан тұрғындарының көтерген мәселелері кезек-кезеңімен өз шешімін табуда. Халық пен билік арасындағы ашық диалогтың нәтижесінде нақты жұмыстар жүзеге асырылуда.

Талица ауылында көп жылдан бері қордаланып келген бірқатар мәселелер шешімін тапты. Қысқа мерзім ішінде ауылда ауыз су жүйесі жаңартылып, көшелер жарықтандырылды, сондай-ақ жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл игі істердің барлығы аудан әкімінің тапсырмасымен және тұрғындардың белсенді қатысуымен жүзеге асты. Нәтижесінде ауылдың келбеті өзгеріп, тұрғындардың өмір сапасы жақсаруда.

Сонымен қатар Озерки ауылының тұрғыны Баширова Светлана аудан әкімімен өткен кездесуде ауылға балалар ойын алаңының қажеттілігі туралы мәселе көтерген болатын. Аудан әкімі Нұржан Оразбекұлы кездесуде бұл мәселе назардан тыс қалмайтынын және ауылға ойын алаңы салыныатынын атап өткен еді. Бүгінгі таңда ауылда заманауи балалар ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді.

Аталған игі істердің жүзеге асқанына Озерки және Талица ауылдарының тұрғындары аудан әкіміне өз ризашылықтарын білдірді.

• БОРОДУЛИХА

ЖАҢА МЕШІТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Бородулиха ауданында жаңа мешіт пайдалануға берілді. Аудан орталығында бой көтерген еңселі де сәулетті мешіттің салтанатты ашылуына аудан әкімі Айдар Ибраев, қоғамдық ұйым өкілдері, ауыл ақсақалдары мен дін қызметкерлері қатысты. Салтанатты рәсім құран оқып, лента қию рәсімімен басталды.

Абай есімі берілген қасиетті нысанның құрылысы 2023 жылдың наурыз айында басталып, екі жылға жуық уақытта халықтың ауызбіршілігі мен ынтымағының арқасында толық аяқталды. Мешіт құрылысына аудан кәсіпкерлері, шаруалар, зейнеткерлер мен жастар да атсалысты.

Екі қабатты, төрт мұнаралы жаңа мешіттің жалпы аумағы 270 шаршы метр, 350 адамға арналған. Бірінші қабатта ерлерге арналған намаз залы, екінші қабатта әйелдер залы мен оқу бөлмелері орналасқан.

Салтанатты жиында «Бородулиха-2025» қоғамдық қорының қолдауымен аудандық мешіт пен Свято-Николь шіркеуінің қызметкерлеріне екі автокөліктің кілті табысталды.

• МАҚАНШЫ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Дәурен Қойгелдиннің төрағалығымен аппараттық жиын өтті. Күн тәртібінде ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары мен өзекті мәселелер қаралды.

Жиында NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту, оларды кәсіптік оқыту және кәсіпкерлікке тарту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ 2025 жылғы күзгі өскерге шақыру науқанының орындалуы пысықталып, ұйымдастыру шараларын күшейту тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы саласында күзгі жиын-терін мен мал азығын дайындау жұмыстарының барысы қаралып, оларды уақытылы аяқтау қажеттігі айтылды. Сонымен қатар көктемгі су тасқынының алдын алу, арықтар мен су арналарының дайындығын қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Жиында үй жануарларын күтіп-ұстау және қараусыз мал мәселесі де қозғалды. Ауылдық округ әкімдеріне түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, тиісті шаралар қолдану тапсырылды.

Кездесу соңында бөлім басшыларына нақты міндеттер жүктеліп, олардың орындалуы қатаң бақылауға алынды.

• ҮРЖАР

ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімі Ақылбек Башимбаевтың төрағалығымен кезекті отырыс өтті. Жиынға бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде қысқы маусымда аудан жолдарын күтіп-ұстау жұмыстарына дайындық барысы; су құбырларының құрылыс жұмыстары; мемлекеттік сатып алу саласында атқарылған жұмыстардың нәтижелері; мемлекет меншігіне қайтарылған жерлерді экономикалық айналымға енгізу; жер қатынастары саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар; күзгі өскерге шақыру науқанының өту барысы; ауылдық округтердің үшінші тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері сынды өзекті мәселелер қаралды.

Жиын қорытындысында аудан әкімі тиісті бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар беріп, жоспарланған жұмыстардың уақытылы әрі сапалы орындалуы үшін жауапты сала жетекшілеріне бақылауды күшейтуді тапсырды.



БЕСҚАРАҒАЙ: ТОҒЫЗ АЙДЫҢ ТЫНЫСЫ

Пуза МОЛДАШЕВА,
«Semei tañu»

Өнеркәсіп — экономиканың құретамыры. Өйткені кез келген өңірдің әлеуеті мен қарқынын дәл осы сала айқындайды. Бүгінгі Бесқарағай — сән-салтанат құрған ауылдарымен ғана емес, өндірістегі ілгері қадамымен де уақыт көшінен қалмай келе жатқан аудан.

Бір кездері өңдеу ісі тоқырауға ұшыраған өңір енді қайта түлеп келеді. Қарапайым тілмен айтқанда, бұрын тек шикізат өткізіп келген аудан енді сол шикізатты өңдеп, дайын өнім шығару бағытында нақты бетбұрыс жасап отыр. Өндіріс орындарының саны аз болғанымен, олардың жұмысы сапалы, өнімді. Бұл — экономикадағы сапалық өзгерістің белгісі. Ең бастысы, аудан сапашылығы мен кәсіпкерлердің көзқарасы өзгерген. Енді басты мақсат — көлем қуалау емес, сапа мен тиімділікке басымдық беру.

Аудан өнеркәсібі биылғы жылдың тоғыз айында 1 миллиард 518,2 миллион теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылмен салыстырғанда 119,2 пайыздық өсімді көрсетті. Бұл — жоспардан да жоғары көрсеткіш (104,2пайыз), демек, өндіріс әлеуеті жыл сайын нығайып келеді деген сөз. Өрине, өндірістің қарқыны біркелкі емес: тау-кен саласында біршама төмендеу бар (66,6пайыз), бірақ бұл — уақытша құбылыс. Себебі ауданның табиғи ресурстарын игерумен айналысатын «ГРК Электрум» және «Нигма» кәсіпорындары шағын өндіріс санатына жатады, есепті тоқсан сайын тапсырады. Ал қазан айында қайта тіркелген «Тасстрой» ЖШС өңірдің өндірістік қуатын жаңа деңгейге шығарады деген үміт бар.

Бесқарағайда өңдеу өнеркәсібі, керісінше, 177,8 пайыздық серпінмен алға шықты. Бұл бағыттағы өсу — аудан экономикасының құрылымдық тұрғыда жаңарғанының айғағы. Физикалық көлем индексі (ФКИ) 71,3 пайыз болғанымен, нақты ақшалай кіріс өсімі айқын: өндіріс құралдарын жаңарту, жергілікті шикізатты пайдалану тиімділігін арттыру басты басымдықтардың бірі болып отыр.

Бүгінгі Бесқарағайдың өндірістік беталысы баяу, бірақ қадамы нық. Бұл — саннан сапаға, тоқыраудан технологияға, шикізаттан өнімге көшу кезеңі. Егер осы бағыт сақталса, ертеңгі аудан жаңа экономикалық тынысқа ие болады деген үміт те жоқ емес.

Ауыл — елдің алтын діңгегі, ал ауыл шаруашылығы — сол діңгектің жүрегі. Бесқарағай ауданының өмір ырғағын дәл осы сала айқындайды. Егін мен мал, жер мен еңбек — бұл өңірдің ежелгі болмысы. Көктемгі таңнан қара күзге дейін еңсесін еңкейтпей еңбек өткен диқан мен малшының маңдай тері бүгінгі экономикалық өсімнің негізі болып отыр.

Жыл сайынғы табиғи сынақтарға, нарықтағы құбылмалыққа қарамастан, ауыл еңбеккерлері аудан экономикасын алға сүйреп келеді. Биылғы көрсеткіштер — соның айғағы. Өнім көлемінің артуы, шаруашылықтардың жаңаша ойлауға бет бұруы, жаңа технологияны енгізу — бұл ауылдағы іскерліктің, жерге деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Бесқарағайдың жері құнарлы, халқы еңбекқор. Осы екі қасиет қатар келген жерде береке мен байлықтың болмауы мүмкін емес.

Бесқарағайдың басты байлығы — жер мен еңбек. Сол екі ұғымның тоғысқан тұсында ауыл шаруашылығы тұр. Биылғы жылдың тоғыз айында бұл салада 26 миллиард 233,7 миллион теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 145,6 пайыздық өсім тіркелген. Бұл — ауданның экономикалық құрылымындағы ең жоғары өсім көрсеткіші.

Өсімдік шаруашылығы биыл ерекше өнім берді: 11 миллиард 420,6 миллион теңге көлемінде өнім жиналып, былтырғы жылмен салыстырғанда 223,1 пайызға артқан. Бұл — егіншілердің ерен еңбегі, тыңайтқышты дұрыс пайдалану, заманауи техника мен агротехнологияларды енгізудің жемісі. Мал шаруашылығы да тұрақты дамуда: 14 миллиард 804 миллион теңге өнім көлемімен 114,9 пайыздық өсімге жеткен. Мұның бәрі — ауданның еңбекқор халқының қажырлы тіршілігінің айғағы.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсыра отырып: "Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір тұрған міндет басқа: бұл — өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет.

Ірі инвесторлармен қатар, орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек",- деген болатын.

Инвестиция — экономиканың тынысын көңейтетін, болашақтың бағытын айқындайтын басты тетік.

Бесқарағай ауданы соңғы жылдары осы бағытта нақты істерге бет бұрды. Кеше ғана сырт көзге шағын, баяу дамып жатқан аймақ болып көрінсе, бүгінде ауданға құйылған әрбір теңге келешектің кірпіші секілді. Жол, құрылыс, инфрақұрылым — бәрі де инвестицияның арқасында бой көтеріп келеді. Бұл — тек қаржы емес, бұл — ауданның дамуына деген сенімнің, алдағы жылдарға бағытталған стратегияның өлшемі. Әрбір жоба — бұл жұмыс орны, ал әрбір тартылған инвестиция — жергілікті халықтың өмір сапасын жақсартуға қосылған үлес.

Бүгінгі даму — ертеңгі тұрақтылықтың кепілі. Сол тұрғыдан алғанда, Бесқарағайдағы инвестициялық ахуал біршама тұрақты. Биыл 13,4 миллиард теңге инвестиция тартылып, өткен жылмен салыстырғанда 90,1 пайыздық деңгейде орындалды.

Жеке инвестиция көлемі аздап кемігенімен (56,8пайыз), бюджеттік инвестициялар 169,3 пайызға артқан. Бұл — мемлекеттің өңірге деген се-

Ауыл мен қаланың арасы жақындап, өндіріс пен өркендеудің діңгегі бекіп келе жатқан өңірлердің бірі – Бесқарағай ауданы.

2025 жылдың тоғыз айының әлеуметтік-экономикалық қорытындысы ауданның даму қарқыны бірқалыпты, бірақ нық бағытта екенін көрсетті.

Иә, шешімін күткен мәселелер де, ізденісті қажет ететін салалар да бар. Дегенмен қол жеткізілген көрсеткіштер аймақ экономикасының біртіндеп тұрақтанып келе жатқанын байқатады. Бүгінгі сандар – жай статистика емес, бұл - ауылдағы еңбек адамдарының маңдай тері мен жергілікті биліктің жүйелі жұмысының нәтижесі. Сол себепті ауданның даму барысын таразылай отырып, артық мақтаусыз, нақты дерек пен байыпты көзқарас тұрғысынан қарауға тырыстық.



німі мен қолдауының белгісі.

Айта кетерлігі, Баскөл, Канонерка және М-Владимировка ауылдарындағы жол жөндеу жобалары бойынша актілердің уақытында рәсімделмеуі салдарынан 1,3 миллиард теңге көлеміндегі қаржы статистикаға енбей қалған. Демек, нақты нәтиже бұдан да жоғары.

Инвестиция дегеніміз — қағаздағы жай сандар емес, ол — ертеңгі мектептің, жолдың, аурухананың іргетасы. Бесқарағайда бүгінгі салынған әрбір теңге ертеңгі өркендеудің бастауы болмақ. Бұл — сенім мен мүмкіндіктің түйіскен тұсы.

Құрылыс және тұрғын үй әлеуметтік өркендеудің айнасы екені белгілі. Биылғы жылдың тоғыз айында ауданда 5 миллиард 762,2 миллион теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстары орындалып, өткен жылмен салыстырғанда 132,4 пайыздық өсімге қол жеткізілді. Жаңа үйлер салынып, ауылдардың келбеті жаңарып келеді. Жыл басынан бері 4 871 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, жоспар 28 пайызға артық орындалған. Бұл тұрғындардың, жас отбасылардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына мүмкіндік береді.

Экономикада сауда — ең шынайы көрсеткіш. Өйткені ол халықтың қалтасын ғана емес, көңіл-күйін де аңғартады. Бесқарағайдағы сауда орындарының, сауда айналымының артуы тұрғындардың тұрмысы түзелеіп келе жатқанын көрсетеді. Біреулер үшін бұл — қарапайым сандар, ал журналист үшін — өмірдің нақты көрінісі: егер сауда жүрсе, елде қозғалыс бар, тіршілік бар, табыс бар. Аудандағы шағын сауда нүктелерінің белсенділігі, жаңа кәсіпорындардың тіркелуі, кәсіпкерлердің ынтыасы — бәрі де жергілікті экономиканың жанданып келе жатқанын дәлелдейді.

Көтерме саудада қиындықтар бар, бірақ нарықтың өзі — үнемі сынақ алаңы. Қиындықтан сабақ алған кәсіпкер ертең табысқа жетеді. Сауда айналымы — экономиканың ең сезімтал көрсеткіші. Бөлшек сауда көлемі 7 миллиард теңгеден асып, 127,7 пайыздық өсімге жетті. Халықтың сатып алу қабілетінің артуы мен сауда нүктелерінің көбеюі — экономикалық белсенділіктің айғағы.

Көтерме сауда саласы әзірге баяулап тұр (81 пайыз), бірақ бұл көрсеткішті төмендетіп тұрған негізгі себеп — кейбір кәсіпорындардың есепті кеш тапсыруы. Дегенмен «Сервис Металл» ЖШС-нің қыркүйек айында ғана тіркеліп, 5,5 миллиард теңгенің өнімін өткізгені бұл бағытта үлкен серпін берді.

Сауда — халық тұрмысының айнасы. Бүгінгі Бесқарағайда сол айна жарқырап тұр: халықтың

еңбегі бар, нарыққа бейімделу бар, ең бастысы, ертеңге деген сенім бар. Халық тұрмысы жақсы болса, елдің еңсесі биік.

Шағын және орта бизнес — ел экономикасының ең серкек бөлігі. Үлкен зауыттар мен өндіріс ошақтары ірі қозғалысты білдірсе, шағын кәсіп иелері — күн сайынғы тіршіліктің, жергілікті экономиканың нағыз жүрегі. Бесқарағайда бұл сала жыл сайын жаңа тыныс алып келеді. Қай ауылға барсаңыз да, дәмханасын ашқан кәсіпкер, дүкенін кеңейткен отбасы, жаңа қызмет түрін ұсынған жас маманды көздестіресіз. Шағын бизнес — бұл тек табыс көзі емес, бұл — еркін ойдың, өз еңбегіне деген сенімнің көрінісі.

Биыл аудан бойынша жаңа кәсіпкерлік нысандарының саны былтырғы жылмен салыстырғанда шамалас деңгейде сақталғанымен, сапалық тұрғыдан өсім байқалады.

Адамдар өз ісін ашуға ұмтылуда, мемлекет те оны қолдап отыр. Бұл — тұрақтылықтың, кәсіпкерлік мәдениеттің қалыптасуының белгісі. Бүгінгі таңда Бесқарағайда 1 221 шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істеп тұр. Бұл — өткен жылмен салыстырғанда 97,4 пайыздық деңгей. Иә, сандық көрсеткіш сәл азайғанымен, сапалық тұрғыда өсу байқалады: қызмет көрсету сапасы артқан, жаңа бағыттағы кәсіпорындар ашылған. Мемлекеттік бағдарламалар мен жеңілдетілген несиелер арқылы ауыл кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған жаңа жобалар жүзеге асуда.

Экономикалық көрсеткіштер қаншалықты маңызды болса, әлеуметтік ахуал одан да маңызды. Өйткені халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасы — көз келген дамудың шынайы көрсеткіші. Бесқарағай бұл бағытта да ілгері қадам жасап келеді: денсаулық сақтау саласында оң өзгерістер бар, демографиялық ахуал жақсарып, тұрғындардың өмір сапасы артып келеді. Биыл 118 сәби дүниеге есіміз ашып, туу көрсеткіші 106,3 пайызға артқан. Өлім-жітім айтарлықтай азайған — 75 пайызға дейін төмендеді. Аудандық аурухана мен ауылдық дәрігерлік амбулаториялардың жүйелі жұмысының нәтижесінде туберкулезбен сырқаттану жағдайы былтырғы 10 оқиғадан 6-ға дейін азайған.

Туберкулез секілді әлеуметтік маңызы бар аурулардың азаюы — халықтың салауатты өмір салтына бет бұрғанының айғағы. Ал әлеуметтік қайтастың негізгі бағыты — адам мен отбасыға қолдау көрсету. Мемлекеттік бағдарламалар мен жергілікті жобалардың нәтижесінде тұрғындардың әл-ауқатының артып келе жатқанын

байқауға болады. Ауданның өзіндік кірісі 1 миллиард 263,1 миллион теңгеге жетіп, жоспар асыра орындалды. Бюджеттің тұрақтылығы — әлеуметтік саланы дамытудың негізгі тетігі.

Көз келген аймақтың табысы — бүгінгі еңбектің нәтижесі мен ертеңге деген сенімнің үйлесімі. Бесқарағайдың бүгінгі қол жеткен жетістіктері — сол сенімнің көрінісі. Ауданның тоғыз айлық әлеуметтік-экономикалық қорытындысы — әр ауылдағы еңбекпен өрілген өмірдің айғағы.

Егінші мен ұстаздың, дәрігер мен кәсіпкердің, жұмысшы мен шаруа қожалығының бір күндік емес, жылдарға жалғасқан еңбегі осы жетістікке жетелеп отыр.

Иә, кейбір көрсеткіштерде іркіліс бар, кей салаларда әлі ізденіс қажет. Бірақ бастысы — даму бағыты дұрыс. Бүгінгі нәтиже — ертеңгі үлкен өзгерістің басы. Жолдар жөнделіп, үйлер салынып, жаңа кәсіпорындар ашылып жатқанда, бұл ауданның тамырының соғып тұрғанын, тіршіліктің тоқтамағанын білдіреді.

Бесқарағай — тек картадағы атау емес, бұл — еңбекпен өрілген тағдырлар мекені. Мұнда әр баланың күлкісінде, егістіктің әр сабағында, әр үйдің шырағында болашақтың жылуы бар.

Болашақ өздігінен келмейді, ол бүгінгі термен, бүгінгі ізденіспен, бүгінгі сеніммен құралады. Бесқарағай - бүгінде сол болашақты өз қолымен жасап жатқан өңір. Тіршілігі тиынақты, еңбегі берекелі, халқының рухы биік — ендеше, ауданның ертеңі де еңселі болмақ. Жалпы алғанда, Бесқарағай ауданының ағымдағы жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері тұрақты және оң қарқында. Ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс салалары айтарлықтай серпін тапты. Ал инвестиция тарту мен ірі өндіріс жобаларына серпін беру — келесі кезеңнің басты міндеті. Ел Президенті атап өткендей, "нақты нәтиже жерілікті жерде көрінуі тиіс". Сол тұрғыдан қарағанда, Бесқарағайдың бүгінгі беталысы ауылдық аймақтың әлеуеті зор екенін көрсетіп отыр. Тіршілік тоқтамайды, еңбек жалғасады. Сандар сөйлесін десек, Бесқарағайда олар жақсы жаңалық айтып тұр.

Бесқарағай — баянды болашақтың босағасында тұрған еңбек пен бірліктің мекені.





АЯГӨЗДІҢ АГРОСАЛАСЫ – ДӘСТҮР МЕН ДАМУ

Риза МОЛДАШЕВА

ЖУРНАЛИСТІК САРАПТАМА

Аягөз – ежелден төрт түлігін түлетіп, егінін еңкейіп жинаған еңбекқор елдің өлкесі. Бүгінде ауданның ауыл шаруашылығы саласы тек дәстүрлі кәсіп қана емес, өңір экономикасының тірегіне айналып отыр. Соңғы жылдары шаруалар заманауи бағыттарға бет бұрып, малдың тұқымын асылдандыру мен техникалық әлеуетті жаңғыртуға ерекше көңіл бөлуде.



өндірілген өнім көлемі 22,4 млрд теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 102,3 пайызды құрады.

Бұл – ауыл шаруашылығының аудан экономикасындағы үлесінің айтарлықтай екенінің айқын көрсеткіші. Өр тонна ет пен сүт, әр гектар жерден алынған өнім – бюджетке түсім, жаңа жұмыс орны, ауыл тұрғынының әл-ауқаты деген сөз. Бүгінгі таңда шаруалар дәстүрлі тәсілдермен шектелмей, жаңа технологиялар мен ғылыми әдістерді енгізіп, өнім сапасын арттыруға басымдық беріп отыр. Бұл – ауыл экономикасының ертеңі сенім ұялата-тын, еңбекке деген құрметті күшейтетін бағыт.

“Жерге дән еккен елдің ертеңі жарық” дегендей, Аягөз диқандарының еселі еңбегі ертеңгі берекенің бастауы болмақ.

Ауыл шаруашылығы – экономиканың тірегі, ауылдың тынысы. Соңғы жылдары бұл сала тек дәстүрлі еңбек емес, табыс көзі мен жаңа мүмкіндік-

тер алаңына айналып келеді. Өсіресе егін мен мал шаруашылығының қатар дамуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, ауылдағы өмір сапасын жақсартуға серпін беруде.

Ауылдағы әр тонна өнім – бұл тек статистика емес, нақты өмірдің көрінісі. Ол – еңбекқор шаруа мен мемлекеттің ортақ еңбегінің нәтижесі. Экономикалық өсім – қағаздағы көрсеткіш емес, ауыл дүкеніндегі қозғалыс, жаңа жұмыс орны мен отбасының дастарқанындағы береке. Болашақ бағыт – осы еңбекті ұтымды ұйымдастырып, әр табысты тұрақты даму жолына айналдыруда.

Аягөздің аграрлық әлеуеті – өткеннің тәжірибесі мен бүгінгі жаңашыл көзқарастың тоғысы. Мал тұқымын асылдандыру, егіншілікті цифрландыру, техника мен технологияны жаңарту – бұның бәрі аудан шаруашылығының жаңа белеске шыққанын білдіреді. Қазірдің өзінде Аягөз елі “жердің бе-

рекесі еңбекпен” келетінін дәлелдеп отыр. Ал ауылдың өркендеуі – бүкіл өңірдің өркендеуіне бастайтын басты жол.

ШҰБАРТАУ ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, РУХЫ МЫҚТЫ Өңір

Абай облысының Аягөз ауданына қарасты Шұбартау өңірі – ұлан-ғайыр даланың қасиетін бойына сіңірген, тарихы терең, рухани қазынасы мол аймақ. Кешегі кеңестік дәуірде өз алдына жеке аудан болып, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан Шұбартау – қазақтың талай дара перзентін дүниеге әкелген киелі мекен.

Шұбартау – ұлтымыздың талай сөз өнерінің саңлақтары мен саз әлемінің самұрықтарын дүниеге әкелген қасиетті өлке, ұлт руханиятының алтын бесігі. Абайдың замандасы, «Керейдің қызыл желі» атанған Бегеш шешен, ұлы ақынның шәкірті, әнші-композитор Уәйіс Шондыбайұлы, халық ақыны Төлеу Көбдіков, көрнекті композитор Еркеғали Рахмадиев, қазақ ән өнерінің атасы Бекен Жылысбаев, сондай-ақ әдебиет пен поэзияның ірі тұлғалары — Мұхтар Мағауин мен Несіпбек Айтулы — барлығы осы қасиетті топырақтың перзенттері. Демек, Шұбартау тек географиялық атау емес, ол – рух пен өнердің мектебі, тарихтың тірі шежіресі.

Көлемі 3,5 миллион гектар жерді қамтитын Шұбартау даласы – кезінде төрт түліктің өрісі, берекелі тіршіліктің ошағы болған.

Оңтайландыру саясаты тұсында, басқа да шалғай өңірлер сияқты, Шұбартау да аласапыран күй кешті. Көптеген елді мекендер «болашағы жоқ ауылдар» қатарына қосылып, тұрғындар амалсыздан қалаға бет алған көшке ілесті. Одақ тұсында Шұбартау өңіріндегі Жорға кеңшары өріске 50 мың қойды, үйір-үйір жылқы мен табын-табын сиырды өргізетін ірі ауылдардың бірі болатын. Қазір сол бір кездері береке-бірлігі жарасып, айрандай ұйыған ауылдың орнында мал баққан бір-екі шаңырақ қана қалған. Мал-мүлкін тиынға сағып, туған жерінен айырылған жұрттың тағдыры сол бір саясаттың ең ауыр салдары еді.

1971 жылы Шұбартау жастары «Қой шаруашылығы – жастардың төлісі» деген бастама көтерді. Бұл науқанды бүгінгі тұрғыдан әрқалай бағалауға болар, бірақ сол кезеңнің рухын ескерсек, бұл ұлттық кәсіп пен туған жерге адалдықтың көрінісі еді. Өз еңбегімен туған жерін түлетуді мақсат еткен сол буын нағыз еңбек жастары болатын.

Ал шұбартаулық жастардың сол ісін ұлттық рухтағы бастама деп бағалай едік.

1997 жылға дейін әке аудан болып келген Шұбартау әкімшілік реформалар кезінде Аягөз ауданының құрамына енді. Кеңес дәуірінде бұл аймақ 9 кеңшардан (Горный, Алғабас, 23 партсъезд, Шұбартау, Ш.Уәлиханов, Көктал, Сарықамыс, Бақанас, Калинин) тұрған еді.

Аудан орталығы Баршатас ауылы – сол кезде өңірдің экономикалық және мәдени орталығы болатын. Мұнда ПМК-17 құрылыс мекемесі, екі ДЭУ, «КазСельхозТехника», байланыс бөлімдері, электр станциясы, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, мектептер мен аурухана жұмыс істеді. Қазір, екіншіке қарай, сол нысандардың көбі қанырап бос тұр.

Қазіргі жағдайы мен даму бағытына тоқталар болсақ, бүгінгі таңда Шұбартау өңірінде шамамен 6 мыңға жуық халық Байқошқар, Малкелді, Баршатас, Қосағаш, Мәдениет, Бидайық, Емелтау, Өркен және Айғыз ауылдық округтерінде өмір сүріп жатыр. Өңірдің негізгі тірегі – мал шаруашылығы. Биылдың өзінде бұл өңірде 44 мыңнан астам ірі қара, 70 мыңнан астам ұсақ мал және 34 мыңнан аса жылқы малы тіркелген.

Шұбартау өңіріндегі «Дағанды», «Еркебұлан», «Самал», «Нұрдос», «Бақ-Дәулет», «Қарақия», «Құрманғазы», «Сопы» секілді шаруа қожалықтары өңірдің экономикалық тірегіне айналған.

Бүгінде Шұбартау жұрты өңірдің болашағын айқындайтын ірі жобаны күтуде. Қызылтас учаскесінде су қоймасын салу мәселесі көтерілуде.

- Бұл жоспар іске асқан жағдайда Бақанас өзенінің бойында орналасатын су қоймасы ауыл шаруашылығына жан бітірер еді,- дейді ел мен жердің болашағына алаңдайтын аға ұрпақ өкілдері. Шынында да, халықтың ұсынысы дұрыс. Су қоймасы суармалы егіншілікпен айналысуға, балық шаруашылығын қолға алуға мүмкіндік туғызып, тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етер еді...

Шұбартау – өткеннің өнегесі мен бүгінгі еңбегі тоғысқан, рухы биік, тамыры терең аймақ.

Кешегі Бегеш шешеннің сөзі мен Уәйіс Шондыбайұлының әуенінен бастап бүгінгі еңбек адамдарының табандылығына дейін – бәрі де осы өлкенің рухани айнасы. Шұбартау – тарихты ұмытпай, болашаққа сеніммен қараудың үлгісі.

Бұл өңірдің тіршілігі – қазақтың еңбекке адал, жерге берік мінезінің көрінісі.



ЕҢБЕК АДАМЫ



АБЫРОЙ АСКАРЫНДАҒЫ АЗАМАТ

1978 жылы Көкбай орта мектебін бітірген азамат Шұбартаудағы қой өсіруші жастар бригадасында еңбек жолын бастады. 1980 жылы Семей мал дәрігерлік институтына түсіп, оны 1985 жылы зооинженер мамандығы бойынша тәмамдады. Бітірген соң туған ауылына оралып, мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Білімді, ісіне тиянақты жас басшылықтың назарына ілігіп, 1986 жылы бас зоотехник болып тағайындалды. Шаруашылық жекешеленгенге дейін осы қызметті атқарып, ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосты.

Іскерлігінің нәтижесі болар 2004 жылы Көкбай ауылдық округінің әкімі болып сайланып, зейнетке шыққанға дейін, 21 жыл бойы осы қызметті абыроймен атқарды. Осы уақыт ішінде ауылымыз жаңарып, аудан бойынша "Үлгілі ауыл", "Тірек ауыл" атанып, өзінің жетістіктерімен танылды.

Өз қызметін адал, жауапкершілікпен атқарған Шарыпқазы Санбайұлы жерлестерінің құрметіне бөленді. Оның мінезі мен болмысында қазақтың рухы, еңбекқорлығы бар. Қазақтың «бірбеткей адам» деген сөзі осы Шарыпқазы Санбайұлына қарата айтылғандай. Кіммен болса да тең дәрежеде сөйлесіп, шешім қабылдауда тәуекелшіл қасиеті бар. Қашан да өзін сергек ұстайтын, әзіл-қалжың да әрдайым әзір тұратын Шәкеңнің бойында терең ой мен кемелдік сезілді.

Ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген даналығын өмірлік ұстанымы етіп алған Шарыпқазы Санбайұлы адамды еңбегіне қарай құрметтеп, еңбегіне қарай бағалады. Әкім қызметіне кіріскеннен бастап ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға көп еңбек сіңірді. Өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, ел сенімін ақтауға тырысты. Мектеп, емхана, пошта, интернет, балабақша сияқты мемлекеттік мекемелер қалыпты жұмыс істеп тұр, ауыл көшелері толықтай жарықтандырылып, асфальт төселді. Ауылдың кіреберісіне қақпа орнатылып, түрлі архитектуралық мүсіндер қойылды. Орталық саябақта орнатылған "Тұлғалар тұғыры" және "Ел ағалары" тақталары ауылдың өткенінен сыр шертеді.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Жарма ауданы Шар қаласындағы П.Карелин атындағы орта мектепте «Жас құтқарушы» сыныбы ашылды. Салтанатты жыйынға аудандық білім бөлімінің өкілдері, төтенше жағдайлар қызметінің мамандары, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

«ЖАС ҚҰТҚАРУШЫ»
СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Еркежан ҚАЙСА,
«Semeytanu»



Оқушыларды құтқарушы мамандығына үйрететін «Жас құтқарушы» сыныбының басты мақсаты — ескеңең ұрпақты азаматтық жауапкершілік пен қауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу, өмірде кездесетін төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға және өзгелерге көмек көрсетуге үйрету.

Оқушылар «Жас құтқарушы» бағдарламасы аясында азаматтық қорғаныс негіздерімен, қауіпсіздік ережелерімен, алғашқы медициналық көмек көрсету және өрт сөндіру, іздестіру-құтқару тәсілдерімен танысады. Сабақтар тәжірибелік бағытта өтеді: оқушылар өрт, жер сілкінісі, су тасқыны сияқты төтенше жағдайлар кезінде қалай әрекет ету керектігін үйренеді. Балалар қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға, қиын жағдайда өзіне де, өзгере де көмектесе алуға үйренеді. Мұндай тәжірибелік сабақтар олардың бойында батылдықты, төзімділікті пен ұйымшылдық қасиеттерін қалыптастырады.

— Құтқарушы — жай мамандық емес, бұл - үлкен жауапкершілік пен адамгершілікті талап ететін өмірлік миссия. Біз балалардың бойына осы қасиеттерді сіңіру арқылы ерлікті дәріптеп, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімдерін қалыптастырамыз, — деді мектеп директоры құттықтау сөзінде.

Мектеп ұжымы мұндай бастама оқушыларға тек білім мен дағды ғана емес, өмірлік құндылықтарды да үйрететініне сенімді. «Жас құтқарушы» сыныбы жасөспірімдерді тәртіпке үйретіп, батылдық және қоғам алдындағы борыш сезімін қалыптастырады.

Алдағы уақытта «Жас құтқарушы» сыныптарын ауданның өзге мектептерінде де ашу жоспарлануда. Өйткені әр баланың бойында батылдық пен мейірімділікті ұштау — елдің қауіпсіздігі мен тыныштығына қалаңған берік іргетас екені анық.

Адам білімі мен еңбегінің өтемінен ешкімнен дәметпей-ақ маңдай терін төгіп жүріп халқына адал қызмет етсе, абырой мен атақ түбінде өзі іздеп табады. Осындай абырой биігінен көрінген азаматтың бірі – Көкбай ауылының тұрғыны Шарыпқазы Санбайұлы. Оның өмір жолы мен қызметі – көпке үлгі.

Кіші футбол алаңы мен демеушілердің есебінен балалар ойын алаңы салынып, жастардың бос уақыттарын тиімді өткізулеріне жағдай жасалды. Ауылдың су жүйесі де жаңартылып, тұрғындар таза ауыз суға қол жеткізді. Қыстақтарға электр желісі тартылып, шопандардың жағдайы жақсарды.

"Парыз" қоры арқылы Көкбай Жанатайұлының туғанына 160 жыл толуына орай ауылда ескерткіші тұрғызылып, саябақ ашылды. Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін Ауыл күні мерекесінде көкбайлық көркемөнерпаздар бас жүлдені бермей келді. Ауылымызда Тайыр Жомартбаев атындағы халық театры тұрақты жұмыс істеп тұр. Допты хоккейден өтетін аудандық жарыстарда жастарымыз жыл сайын бас жүлдені алып келеді.

Шарыпқазы Санбайұлының елеулі еңбегі аудан мен облыс басшылары тарапынан лайықты бағаланып келеді. «Тың игерудің 50 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», сондай-ақ «Аманат» партиясының «Белсенді қызметі үшін» төсбелгілерімен марапатталған, ал билы «Абай ауданының құрметті азаматы» атағын иеленді.

Шарыпқазы Санбайұлы әкім болып қызмет атқарған жылдар ауылдың даму кезеңі ретінде ел есінде қалды. Білікті басшы, іскер азамат адами қасиеттерімен де халықтың құрметіне бөленді. Ауыл жұртшылығы оны зейнеткерлікке құрметпен шығарып салды.

Шарыпқазы Санбайұлының жұбайы Бақыт Төлеуғалиқызы - 35 жыл бойы ұстаздық қызмет атқарған ұлағатты жан. Шарыпқазы мен Бақыт екі ұл, үш қыз сүйіп, ұрпағын өркендетіп отыр. Балалары жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапқан. Бүгінде әрқайсысы өз салаларында жетістіктерге жетіп, ата-анасының абыройын асқақтатып жүр.

Шарыпқазы Санбайұлына мықты денсаулық, отбасына мол бақыт тілейміз.

Бағдат БАЛЫҚБАЕВ,
Көкбай ауылы,
Абай ауданы

Кіріспе

Статистика — бұл қоғамдағы жаппай құбылыстар мен процестерді сандық түрде зерттейтін ғылым. Қазіргі заманда статистиканың маңызы өте зор: ол мемлекет экономикасын басқаруға, әлеуметтік дамуды жоспарлауға және халықтың әл-ауқатын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы статистиканың дамуы елдің тарихи кезеңдерімен, экономикалық және саяси өзгерістерімен тығыз байланысты. Бүгінгі мақалада статистиканың Қазақстан жерінде қалай қалыптасқаны және қазіргі заманға дейінгі даму жолдары баяндалады.

Патшалық кезең (1917 жылға дейін)

Қазақстан аумағындағы алғашқы статистикалық жұмыстар Ресей империясының басқару кезеңінен басталады. Бұл уақытта статистика негізінен сипаттамалық сипатта болып, әкімшілік басқару мен салық жүйесін ұйымдастыру үшін қолданылған.

XVIII–XIX ғасырларда халық саны мен шаруашылық жағдайын анықтау мақсатында алғашқы есепке алу және санақ жұмыстары жүргізілді. 1897 жылы өткен Ресей империясының алғашқы жалпы халық санағы қазақ даласын да қамтыды.

Губерниялар мен уездерде арнайы статистикалық комитеттер құрылып, жер, мал шаруашылығы және халық туралы мәліметтер жиналды. Бұл кезеңде статистика мемлекеттік басқару мен есеп жүргізудің құралы ретінде дамыды.

Кеңестік кезең (1917–1991 жылдар)

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін статистика орталықтандырылған мемлекеттік есеп жүйесіне айналды. 1920 жылы Орталық статистика басқармасы (ЦСУ) құрылды, ал Қазақстанда Қазақ аймақтық статистика басқармасы, кейінірек Қазақ КСР-інің Орталық статистика басқармасы жұмыс істей бастады.

1926 жылы алғашқы Бүкілодақтық халық санағы өткізілді. Кейінгі жылдары статистика халық шаруашылығын жоспарлау мен бақылаудың негізгі құралына айналды.

1930–1950 жылдары статистика индустриаландыру мен ұжымдастыру барысын бақылауға, өндіріс көлемін есептеуге бағытталды. Соғыстан кейінгі кезеңде (1950–1980 жж.) есеп беру жүйесі жетілдіріліп, есептеу орталықтары мен ЭЕМ (электронды есептеу машина-

лары) қолданыла бастады.

Кеңестік кезеңде статистиканың басты мақсаты жоспардың орындалуын бақылау және ресурстарды тиімді бөлу болды.

Тәуелсіз Қазақстан кезеңі (1991 жылдан бастап)

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, ұлттық статистика жүйесі жаңа бағытта дами бастады. 1992 жылы құрылған Қазақстан Республикасының Статистика және тағдау комитеті мемлекеттік статистиканың негізін қалады.

1997 жылы қабылданған «Мемлекеттік статистика туралы» заң статистиканың негізгі қағидаттарын бекітті: объективтілік, дербестік, құпиялылық және мәліметтердің сенімділігі.

1999 және 2009 жылдары тәуелсіз Қазақстанда екі рет халық санағы өткізілді. Статистика жүйесі халықаралық стандарттарға, атап айтқанда БҰҰ-ның Ұлттық шоттар жүйесіне (СНС) және Халықаралық жіктелмелерге (ISIC, HS) бейімделді.

Қазіргі кезең (2016 -2025 жыл)

2019 жылы статистика саласында маңызды өзгеріс болды: Статистика комитеті Агенттіктің құрамына еніп, қазіргі атауы — Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деп аталды.

Бүгінгі таңда Ұлттық статистика бюросы экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және экологиялық көрсеткіштерді жинайды және талдайды; Big Data, онлайн есеп беру, сандық технологиялар сияқты заманауи әдістерді қолданады; БҰҰ, Дүниежүзілік банк, ХВҚ, Еуростат сияқты халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатады; ашық деректер жүйесін (stat.gov.kz) дамытып, қоғамға қолжетімді мәліметтер ұсынады.

2021 жылы Қазақстанда алғаш рет электрондық халық санағы өткізілді — бұл цифрлық статистиканың жаңа кезеңі болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 8 маусымдағы Жарлығына сәйкес Абай облысы құрылғаннан кейін, мемлекеттік статистикалық саясатты іске асыру және өңірлік деңгейде статистикалық есептілікті ұйымдастыру мақсатында 2022 жылғы қыркүйек айында Абай облысының статистика департаменті құрылды.

Департамент Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар



агенттігінің Ұлттық статистика бюросының аумақтық бөлімшесі болып табылады. Негізгі міндеттері — өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша ресми статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және тарату.

Құрылған сәттен бастап департамент өңірлік статистикалық деректер базасын қалыптастыру, заманауи цифрлық технологияларды енгізу және мемлекеттік органдар мен қоғам үшін ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытында белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Абай облысының статистика департаментінің құрылуы еліміздің ресми статистика жүйесін дамытудағы маңызды қадам болып табылады және өңірлік деңгейде сапалы әрі өзекті статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстандағы статистика тарихы — бұл қарапайым есептен бастап қазіргі заманғы цифрлық талдау жүйесіне дейінгі ұзақ әрі маңызды даму жолы. Бүгінде статистика еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Ол халықтың өмір сүру деңгейін бағалауға, экономикалық саясатты жоспарлауға және халықаралық салыстырмалар жүргізуге мүмкіндік береді. Статистиканың басты мақсаты — сенімді деректер арқылы елдің тұрақты дамуына үлес қосу.

Қорытындылай айтсақ, статистика — бұл мемлекет айнасы. Ол қоғам өміріндегі барлық өзгерістерді көрсетіп, еліміздің болашағын ғылыми негізде жоспарлауға жол ашады.

Б. ТЕРЛІКБАЕВ,
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
Абай облысы бойынша
департаменті РММ

ҚАРЖЫ

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Елімізде келесі жылдан бастап салық жүйесіне ауқымды өзгерістер енгізіледі. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Семей қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары Ержан Қаңғалақов баяндады.

- Жаңа Салық кодексі аясында салық есептілігін тапсыру көлемі 30 пайызға қысқарады. Корпоративтік табыс салығының базалық мөлшерлемесі бұрынғыдай 20 пайыз деңгейінде сақталады. Сонымен қатар жекелеген салалар үшін жаңа ставкалар белгіленді: банк секторы мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз, қаржы лизингі үшін – 10пайыз. Әлеуметтік салада, атап айтқанда білім беру мен медицинада алдағы жылы 5 пайыз, ал 2027 жылдан бастап 10 пайыз мөлшерлеме қолданылады. Ауыл шаруашылығы өндіріштері үшін бұрынғыдай 3 пайыз ставка сақталады, — деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар келер жылдан бастап қосылған құн салығының мөлшерлемесі 16 пайыз деңгейінде белгіленеді. Ауыл шаруашылығы өндіріштерінің қолдау мақсатында есепке жатқызылатын қосылған құн салығының үлесі 70 пайыз—дан 80 пайызға дейін арттырылып, ал тіркеу шегі бұрынғы 20 000 АЕК-тен 10 000 АЕК-ке дейін төмендетілді.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

АДАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
КІМ АЙҚЫНДАЙДЫ?

Біз бір сәт ойланып көрдік пе: қазір замандасымызды қалай бағалап жүрміз? Адами қасиетіне, мінезіне қарап па, әлде қызметіне, қалтасына қарап па?

Әлеуметтік желілерде, цифрлық әлемде беделге ие болып жүрген адамдардың көбейгені рас. Бірақ шын өмірде олар қандай? Біз статистика мен статус арасында қалып, адами құндылықтарды жоғалтып алған жоқпыз ба?

«Даму» сөзі соңғы жылдары қоғамда жиі айтылатын сөзге айналды. Бірақ біз даму дегенді тек сан мен табыс немесе технологиялық ігерілеу деп түсініп жүрген жоқпыз ба? Рухы әлсіз ұлттың экономикасы мықты бола ма? Адами қасиеттен айырылған қоғам жаңғыруды қалай жүзеге асыра алады? Бұрындыры ұят, обал, сауап секілді ұғымдар біздің өміріміздің негізі болды. Алайда қазіргі таңда бұл сөздерді кейбіреулер ескінің сарқынышағы деп түсінбейді. «Не ітессе де өз еркі» деген желеумен адамдық жауапкершіліктен қашып, қоғамдағы моральдық өлшемдерді бұзып жатқан жоқпыз ба? Қоғамда мейірім мен шынайылық азайса, оның орнын заң толтыра ала ма?

Шын мәнінде, кез келген ұлттың құлдырауына себеп болатын - қаржы немесе сыртқы факторлар емес, құндылықтардың құнсыздануы. Парақорлық, немқұрайлылық, көреалмаушылық, жалған абырой қуалау — бұлар қоғамның сыртқы кемшіліктері емес, ішкі дерті. Әрбір адам осы дерттің барын сезініп, оған қарсы күресуге міндетті. «Дертті білу — емделудің жартысы» деген қанатты сөз бар емес пе. «Ар ілімі жоқ елді игілікке жеткізем деу — бос үрешілік»,— дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ар жоғалған жерде, заң әлсіз, ақылдың қуаты да сарқылады. Егер қоғамның моральдық бағдары бұзылса, ережелер мен заңдар қоғамды түзете алмайды.

Біз ардың орнын атақпен, кісіліктің орнын көзбояушылықпен алмастырып алған жоқпыз ба? Егер адамды тек жетістіктермен, материалдық байлықпен бағалайтын болсақ, қандай қоғам құрып жатырмыз?

Осы орайда қарапайым сұрақ туындайды: қазір адам өмір сүріп жатыр ма, әлде тек тұтынып жатыр ма? Құндылықтар арзандаған сайын, адамдықтың мағынасы да өлсіреп бара жатқан жоқ па? Бұл - тек сыртқы емес, біздің ішкі дүниеміздігі өзгерістерді талап ететін сұрақтар. Мәселе мінәзден айырылуда ғана емес, айырылғанымызды сезінбеуімізде.

Қоғамды түзейтін де, құртатын да - адамдар. Ендеше, сұрақ: қоғам өзгеруі керек пе әлде адам өзгеруі керек пе?

Әлия БЕКТЕМІРОВА,
Шәкәрім атындағы көпбейінді №5 гимназия оқушысы,
Семей қаласы



— Келер жылдан бастап акциз мөлшерлемелері жыл сайын 10 пайыз еспек. Алғаш рет энергетикалық сусындарға да акциз енгізіліп отыр: оның көлемі литріне 100 теңге болып белгіленіп, бес жыл ішінде кезең-кезеңімен 240 теңгеге дейін жететін болады, — деді басқарма басшысының орынбасары.

Өз тілшіміз

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Семей» сервистік компаниясы» ЖШС әсер етуге рұқсат алу үшін Блоктардағы жұмыстардың нәтижесінде бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы: L-44-33-(10е-5в-4,5,8,9,10,14,15), (10е-5г-1,6,7,8,9,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,23,24,25), L-44-34-(10г-5в-17,21,22,23,24), L-44-45-(10в-5в-5) L-44-46-(10а-5а-1,2,3,4,7,8,9,12,13,14,17,18,19,22,23,24) аймақта қатты пайдалы қазбалардың 2019 жылғы 17 мамырдағы №97-ЕЛ) материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Өткізілетін күні мен мекенжайы: 12.12.2025, сағат 16.00, Абай облысы, Мақаншы ауданы, Көктерек а.о., «Қайыңды орта мектеп-бақшасы» КММ. Онлайн қатысу үшін сілтеме бойынша өтіңіңіз: <https://us06web.zoom.us/j/8177828008?pwd=t7Q6qablkWYz2bNlJtTagMZBF3IokG.1&omn=87344196574> (сәйкестендіргіші 817 782 8008, коды 12345)

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде енгізіледі. Қосылу сұрақтары бойынша 87058743858 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашысы: «Сервисная компания «Семей» ЖШС; БСН 100140017622; Абай облысы, Семей қаласы, Восход кенті, Семгео базасы.

Әзірлеуші: «Пшенчинова» ЖК; Астана қ., Қосығұлұлы к., 19 Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8(7222)35-44-32, prigodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru. Жоба бойынша құжаттама Ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында немесе prigodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru электронды мекенжай арқылы қабылданады.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Бас редактор –
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары –
жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytanu.kz
www.semeytanu.kz Email: info@semeytanu.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY0012173, 05.06.2025 ж.
Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Семей қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция қеңарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бородулиха - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12.
Тел.: Директордың хабарлау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ